

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-АҚПАРАТТЫҚ ЖУРНАЛ

2025 ТАМЫЗ

№8(26)

АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ



«АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ»

Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-танымдық,
қоғамдық-ақпараттық журнал

2023 жылдан бастап шығады.

Шығу жиілігі-айына бір рет.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін
және желілік басылымды есепке қою туралы №KZ88VPY00079149
куәлігімен тіркелген

БАС РЕДАКТОР:

*Нұрманбекова Раушан
Қабжанқызы*

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Еспенбетов А.С.,
профессор, филология
ғылымдарының докторы
Shakarim university

Кәрімов М.Қ.,
профессор, тарих ғылымдарының
кандидаты
Shakarim university

Қожахметова Д. О.,
PhD, Shakarim university

Шәкерхан Қ.О.,
PhD, Shakarim university

Султанова Н.К.,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент
Alikhan Bokeikhan University

Туленов Б.А.,
Абай облысы білім
басқармасының
басшысы

Аубакирова М.С.,
дизайнер

«АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ»
Республикалық ғылыми-
әдістемелік, педагогикалық-
танымдық, қоғамдық-ақпараттық
журнал. Редакция келіп түскен
материалдар, қолжазбалар
қайтарылмайды. Автордың
көзқарасы редакцияның көзқарасы
емес. Басылған материал және
фотолар бойынша жауапкершілік
әр автордың өзінде болады.
Материалдарды журналдың
руқсатынсыз көшіріп басуға
болмайды.

«Абай тағылымы» журналы
«ABAY TAGYLYMY»
2025 жыл

МАЗМҰНЫ

<i>Редактордың алғы сөзі.....</i>	<i>3</i>
<i>Абай Құнанбайұлы</i>	<i>4</i>
<i>«AMANAT» партиясынан ақпараттар.....</i>	<i>5</i>
<i>Султанова Нургүль Камильевна.....</i>	<i>6</i>
<i>Баяхметова Гүлдан Солтановна.....</i>	<i>10</i>
<i>Абеуова Шолпан Рысбекқызы.....</i>	<i>10</i>
<i>Бексемуратова Асыл Закановна.....</i>	<i>13</i>
<i>Раймханова Меруерт Бауржановна.....</i>	<i>15</i>
<i>Бурашова Полина Васильевна.....</i>	<i>18</i>
<i>Садвакасова Дина Гизатовна.....</i>	<i>22</i>
<i>Ковредова Ксения Николаевна.....</i>	<i>24</i>
<i>Якушенко Валентина Викторовна.....</i>	<i>27</i>
<i>Балгабаева Бакытгүль Ундеуовна.....</i>	<i>30</i>
<i>Нургалиева Лаура Тлеубековна.....</i>	<i>32</i>
<i>Кәкімжанқызы Индира.....</i>	<i>34</i>
<i>Бөкембаева Нәзира Мейрамбайқызы.....</i>	<i>36</i>
<i>Оралгазыев Қуаныш Оралгазыұлы.....</i>	<i>39</i>
<i>Серікұлы Медғат.....</i>	<i>41</i>
<i>Алпиева Айман Тлеугажиевна.....</i>	<i>43</i>
<i>Намазбаева Алмагүль Жамбалаевна.....</i>	<i>45</i>
<i>Қайырлыбекқызы Әлия.....</i>	<i>47</i>
<i>Адилбаева Асем Еркеновна.....</i>	<i>49</i>
<i>Саяхова Гүлмира Төлеубекова.....</i>	<i>51</i>
<i>Садуакасова Айжан Магазовна.....</i>	<i>53</i>
<i>Медетова Анара Канатказыевна.....</i>	<i>56</i>
<i>Абайдың он төртінші қара сөзі.....</i>	<i>58</i>



*Ұстаздық қылған жалықпас,
Үйретуден балаға
Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Абай*

Ұлы Абайдың жазу үстелі қасында

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен Семейге тарихи қала мәртебесі берілді. Бұл ұсыныс жалпы халықтың қолдауына ие болды. Бұдан соң Президент тағы бір маңызды шешім жасап, Абай облысын құрды. Семей қаласын облыс орталығы етіп бекітті. Бұл Жаңа Қазақстанның жаңаша әділетті жолының айқын көрінісі еді. Абай даналығы Қазақ елін асқақтатпаса төмендетпейтіні хақ! Ел Президенті соған ерекше мән беріп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Абай облысы ашылғаннан кейін ең алғаш рет «Ұстаздар күнінде» Семейге арнайы келіп, халықпен кездесу өткізді.

Облыс мәртебесіне ие болған кезде қарапайым халықтың қуанышында шек болмады. Әсіресе, бір кездері бұрынғы Семей облысының ірге тасы қалануына тер төгіп, үлкен еңбек сіңірген ардагер-ақсақалдарымыз тіпті көздеріне жас ала қуанды. Кейіннен, облыс әкімі ақсақалдармен кездесу өткізді, ел ағалары жігерлі басшыға ақ батасын берді. Осы жақсы жаңалықтар халықты қанаттандырды, бәріміз серпіліп қалдық. Біз де Абай облыстық білім басқармасының қолдауымен «Абай тағылымы» журналын шығаруды қолға алдық. «Абай тағылымы» журналы ғылыми-педагогикалық ортаға арналған. Дегенмен, қазіргі таңда тек республиканың бүкіл халқы үлкен де, кіші де журналымызға қызу түрде атсалысуда.


Қазіргі заманда ауылда болсын, қалада болсын, білім нәрін себуші ұстаздар қауымы екені рас. «Артық ғылым кітапта» деп ғұлама Абай айтқандай, журналдың басты мақсаты-жаңалықтың жаршысы болу, білім мен тәрбиенің дәнін егу. «Білім – шамшырақ», біз осы жолды ұстандық. Сол себептен журналға Абайдың «Ұстаздық қылған жалықпас, үйретуден балаға, ақырын жүріп, анық бас, еңбегің кетпес далаға» деген өлең жолдарын эпиграф етіп алдық. «Абай тағылымы» – республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық-танымдық және ел өміріне де арналған қоғамдық-ақпараттық журнал болмақ. Журналға университет, колледж, мектеп мұғалімдерімен қатар, барлық мамандық иелері, жастар мен оқушылар, дана қарияларымыз да атсалыса алады.

Құрметпен, Раушан Нұғманбекова

«Абай тағылымы» журналының Бас редакторы

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІН ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗДАР...

Болды да партия



Абай Құнанбайұлы

Болды да партия,
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тыя,
Дауың мен шарынды.

Құрбыдай хош тұттым
Жасың мен кәрінді.
Жоқтамай, ұмыттым,
Ақыл мен нәрінді.


Ортаға көп салдым
Өзімде барымды.
Япырым-ау, неңді алдым,
Сау қоймай арымды?

Ойымнан ой бөліп,
Қозғадың тамырды.
Көңілге тік келіп,
Кетірдің сабырды.

Ойым да ақ, жарым да ақ,
Кеңімді, тарымды
Қарасам пайымдап,
Сөзің сол сарынды.

Өсекке салмаңдар
Ойымды, жарымды.
Өлшеуге алмаңдар,
Ойым бек тарылды.

Ұрыңнан асырдың
Сұм тілді қарынды.
Жасырдым, жасырдым,
Енді айттым зарымды.



«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН «ҰЛЫ ДАЛА» ОБЛЫСТЫҚ ӘДЕБИ БАЙҚАУЫНЫҢ МАРАПАТТАУ САЛТАНАТЫ ӨТТІ

Семейдегі Арбат алаңында Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналған «Ұлы дала» облыстық әдеби-шығармашылық байқауының марапаттау рәсімі өтті. Бұл рухани мереке «АМАНАТ» партиясының бастамасымен, сондай-ақ Абай облысының мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының қолдауымен ұйымдастырылды. Іс-шара барысында «АМАНАТ» партиясы Абай облыстық филиалының төрағасы Айдар Садырбаев сөз сөйлеп, жас қаламгерлерге шығармашылық табыс тілеп, Абай аманатын дәріптеудің маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, облыстық мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Олжас Соғымбай, драматург, жазушы Қуат Қиықбай да сәттілік тіледі. Байқау барысында өңіріміздің жас қаламгерлері поэзия, проза және балаларға арналған шығарма бағыттарында бақ сынап, әдебиетке деген шынайы махаббатын, сөз өнеріне деген құштарлығын паш етіп, жас дарындар лайықты марапаттарына ие болды. Поэзия бағыты бойынша бірінші орынды – Жақсылық Асқарбеков, екінші орынды – Азамат Оразғалиев, үшінші орынды – Мереке Әлмұратов иеленіп, жеңімпаз атанды. Ал проза бағыты бойынша бірінші орынды – Ақжол Қадырбекұлы, екінші орынды – Санжар Тұралы, үшінші орын – Ақнұр Жумадилова иеленсе, балаларға арналған шығарма бағыты бойынша жеңімпаздар да анықталды. Бірінші орын – Қуат Айтқали, екінші орын – Бекарыс Секенов, үшінші орын – Лязат Баяхметоваға табыс етілді. Ал Медет Демежанов «Абай аманаты» арнайы жүлдесімен марапатталды. Абай елінің жас ақын-жазушылары алдағы республикалық кезеңге жолдама алып, әдебиет пен руханият мерекесі «Ашық микрофон» жобасымен жалғасты.



АБАЙ МҰРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ-ИМАНДЫЛЫҚ ТӘРБИЕ



Султанова Нургуль Камильевна
Абай облысы, Семей қаласының Alikhan
Bokeikhan University

«Педагогика және психология»
кафедрасының меңгерушісі

п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Қазақстанның егеменді ел болудың бастауларында небір қиын күндерді бастан кешіп, бүгінде әлем назарына іліне бастаған еліміздің әлеуметтік-экономикалық жаңаруы мен саяси демократияланған кезеңінің тағы да бір жаңа бағыттары ұсынылып отыр. Ол жаңа бағыт Қазақстанның алға басуы барысында әлемдік тәжірибеге сәйкестікті көздеу болып табылады. Осы көздеу, біріншіден, оқу-ағарту ісінде әлемдік ықпалдастыққа ену болса, екіншіден, бәсекелестігі биік мемлекеттер қатарына ену. Бұл

екеуі де бүкіл оқу-ағарту жұмысын түбегейлі тексеруді қажетсінеді. Өйткені бүгінгі жаңадан құрылып, жаңа жетіліп келе жатқан егеменді Қазақстан Республикасы ұзақ мерзімге арналған білім беру саясатында оны дамытудың жаңа негізін қалағалы отыр. Яғни, білім берудің мазмұнына, білім беру жүйесінің құрылымына, білім беруді басқару жүйесіне, кадрлық және әлеуметтік саясатқа көптеген өзгерістер мен толықтырулар жасауды көздеп отыр. Осы айтылғандар негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, оған білім беру үстінде оның бойына жаңа тұлғалық қасиеттерді сіңіру өте қажет. Жаңа Қазақстанның жаңа адамы республиканың тарихи, ұлттық, демографиялық, географиялық, экономикалық және мәдени ерекшеліктерінің негізінде тәрбиеленіп, қалыптасуы тиіс. Осыған орай, өткен кезеңдердегі ірі рухани тұлғалар мұрасындағы тәлім-тәрбиелік озық-ой пікірлерді саясаттың ықпалынан тыс кешенді түрде тұтас қарастырудың маңызы артып отыр. Мұның өзі төл педагогикамыздың тарихын жаңа айқындамалармен толықтыра түсетін аса күрделі педагогикалық проблема болып табылады.

Тәуелсіздік алынғанға дейінгі педагогиканың дамуы кеңестік дәуір идеологиясы үстемдік етумен тығыз байланысты екені баршаға аян. Бұл оң өзгерістер педагогтардың алдында ұлттық ерекшеліктер мен жалпы адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген, рухани дүниесі бай, жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу міндетін қойып отыр. Мұның өзі, бұған дейін қалыптасқан халықтық бай рухани тәжірибеге сүйенуді қажет етеді. Оның маңызды бөлігінің ірі тұлғалардың бай мұрасы құрайтыны белгілі. Осындай тұлғалардың бірегейі – Абай Құнанбайұлының есімі бүгінде тек қазақ жұртыны ғана емес, барша әлемге кең танымал екендігін оның 150-180 жылдық мерейтойлар тағы бір дәлелдеп өтті. Алайда, оның рухани мол мұрасының танылып болмаған қырларын жас ұрпаққа таныту ісі ешқашан тоқтамақ емес. Соның бірі- Абай мұрасындағы рухани-имандылық тәрбие идеялары.

Соңғы онжылдықтарда Абай шығармаларындағы рухани-имандылық ой-пікірлерінің қалыптасуына әсер еткен қайнар көздер мен бастауларға объективті тұрғыдан баға беруде Абайды рухани ұстаз ретінде алғаш танытушылар 20-шы жылдардағы қазақ зиялыларының Ж.Аймауытов., Ә.Бөкейханов., А.Байтұрсынов., М.Дулатов., М.Жұмабаев., Ш.Құдайбердиев және абайтанушылар мен педагог ғалымдар М.Әуезов., М.Әлімбаев., С.Байжанов., С.Ғаббас., Д.Досжан., Ғ.Есім., Қ.Жарықбаев., А.Көбесов., С.Қалиев., М.Мырзахметұлы., Б.Сапаралы., І.Халитова., Б.Ердембеков және т.б. еңбектерінің маңызы зор. Аталған ғалымдарда Абай тұлғасының қалыптасуының педагогикалық үш факторы: тұқым қуалаушылық, қоршаған орта мен тәрбие және М.Әуезов атап көрсеткен үш қайнар көзі халық ауыз әдебиеті, шығыс поэзиясы, орыс және Еуропа мәдениеті туралы жан-жақты қарастырылған. Мұның өзі

Қазақстан педагогтарының алдына жас ұрпаққа Абай мұрасын оқыту, оны тәрбие ісіне пайдалануды жетілдіру талабын туындап отыр. Біз, Абайдың рухани-имандылық тәрбие идеяларының маңызын төмендегі 1 кесте арқылы байқаймыз.


1-кесте. А.Құнанбайұлының рухани имандылық тәрбиенің қалыптасуы

Тәрбие көздері	Тәрбие бағыттары	Абай бойында қалыптасқан имандылық қасиеттер
Отбасы тәрбиесі 1. ата-әже 2. әке-шеше	Ұлттық мұсылмандық, шығыстық	Ар-ұят, әдеп-инабат, кісілік, естілік, адалдық, ізгілік, қайырымдылық, әділеттік, парасаттылық,, имандылық, адамгершілік және т.б.
Мектеп тәрбиесі 1. ауыл молдасы 2. медресе ұстаздары 3. приходская школа ұстаздары	Діни-мұсылмандық, мұсылмандық-шығыстық (діни, шығыс ғұламаларының адами қағидаттар) Батыстық (ағартушы-демократтық қағидаттары)	
Өзіндік тәрбие Абайдың өзі	Ұлттық мұсылмандық, шығыстық, батыстық, жалпыадамзаттық	

Абайдың дүниеге көзқарастарының жоғарыда аталған үш қайнар көзі, оның ағартушылық ой-пікірлерінің де негізі болып табылады. Сондықтан біз «иман», «имандылық», «имандылық тәрбиесі» ұғымдарын талдауға олардың төл педагогикамызда алатын орнын анықтауға арнадық.

Ғылыми сөздіктерге тоқталғанымызда, мәселен, «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966) мен «Философиялық сөздікке» (1996) «иман» термині еңбеген. Ал, Е.Бекмұхаметовтың «Қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері» (1977) атты еңбегі мен Н. Оңдасыновтың «Арабша-қазақша түсіндірме сөздігінде» (1984) «иман» сөзінің бірнеше мағынасы берілген: сену, нану, діни, ауыспалы мағынасында ұят, адалдық. Бұдан байқағанымыз «иман» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы – сенім. Біздіңше, «иман» түсінігіне берілген бұл анықтамалар мазмұны қазақ халқының иманды ұрпақ тәрбиелеудегі ұстанған негізгі қағидаттарының аясының кеңдігін, оларға қойылатын талап-тілектер қатарының кешенді бағыттарын анық байқатады. Хакім ұстаздың ойынша, иман келтіру - өзіңе пайда келтіру, сол жолда өз мүмкіндігіңді жетілдіруге ұмтылу, сонда ғана ол нағыз иман болмақ. Ұл ығұлама Абайдың бұл ойы материалистік көқарас негізіндегі ғылыми сеніммен ұштасып жатыр. Оның мәні: табиғат пен қоғам заңдылықтарына сүйенген, өмір тәжірибиесін басшылыққа алған, саналы да бекем сенім екендігінде. өйткені, өзіне дейінгі шығыс ғұлама-ойшылдары әл-Фараби, Ж.Баласағұни, М.Қайқабус, Ж.Қарабағи, Ә.Науай, Ғ.Дауани және т.б. еңбектерде иман мазмұнын жалпы адамзаттық тәлім-тәрбие қағидаттарымен ұштастыра қарау дәстүрі ұлы ақынға да зор ықпалын тигізді. Абай пайымдауындағы бұл «сенім»-«иман» мазмұнының педагогикалық «сенім» ұғымымен мазмұндас екендігін көрсеткен [1].

«Иман» ұғымын кең қолданудың сара жолын қалыптастырушысы ұлы Абай десек, «имандылық» ұғымының да негізін қалаушы деп білеміз. Себебі, Абай шығармаларында «иман», «имансыздық», «иманигүл», «иманижүрек», «иман білмес», «иман тазалығы», «иман келтіруші», «иманы жоқ» және т.б. ұғымдарына терең тоқталуы дәлел. Сонымен қоса, этнопедагогика ғылымында «имандылық тәрбиесі» туралы сөз еткенде ірі педагог-ғалымдарымыз Шоқан, Ыбырай, Абай еңбектерін аталуы да кездейсоқ емес деп ойлаймыз.



«Имандылық» сөзін педагогикалық тұрғыда ең алғаш ресми түрде қолданушы Өзбекәлі Жәнібеков. Ол «Социалистік қазақстан» газетіндегі 20.12.1990 жылы «жалпыадамзаттық игі қасиеттер және адамды имандылыққа тәрбиелеу мәселелері» атты мақаласында: «...жалпыадамзаттық игі қасиеттер деп отырғанымыз зорлық-зомбылық атаулыны жоққа шығарып, шыдымдылыққа, мейірімділікке, өзгенің өмір салтына құрметпен қарауға т.б. жоғарғы ізгілік, имандылық нұсқалары» - деп көрсеткен. 1995 жылғы 30 тамызда қабылданған ҚР-ның Конституциясында «имандылық» ұғымы орыс сөзімен «нравственность» ұғымының баламасы ретінде қолданылады: «...конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылық нұсқан келтірмеуге тиіс» (12-бап) және «...халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына

қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін» (39-бап) деп көрсетілген [2].

Ал, «имандылық тәрбиесі» деп, біз жеке тұлғаны жоғарыда атап өткен тар және кең мағынадағы руханилыққа тәрбиелейтін құнды қасиетер мен талаптардың жиынтығын айтамыз.

Енді ғұламаның педагогикалық ой-пікірлеріне тоқталса, ең алдымен кемеңгер ойшыл ақын, ағартушының өлеңдері мен қара сөздерінің тәрбиелік-тәлімдік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары болып келеді.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқты-барды, ертегіні термек үшін», - [3]

деп ақынның өзі айтқандай оның өлеңдерінің әлеуметтік, этикалық мәні мейлінше терең. Ең алдымен ол өз халқына өлеңдері, қара сөздері арқылы ұдайы ой салды, оның көкірегін оятып, оны надандықтан, жаман қылықтардан сақтандырды, мәдениетті болуға, прогреске шақырды.

Абай өзінің өлеңдерінің бәрінде:

«Қалың елім қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,
Жақсы мен жаманды айырмадың
Бірі қан, бірі май боп енді еккі ұртың»

– [4] деген сөздері дәлел бола алады. Бұл өлеңде Абай ашынып, халықтың жанына тие айтады. Сондай-ақ, Абай бос даурығуға, бекер сал шашуға, өтірік, өсек айтуға, жалқаулыққа қарсы шықты.

«Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз»,
- дей келіп, Абай:
«Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ,
Бес дұшпаның білсеңіз,
Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой,
Бес асыл іс, көнсеңіз», - деген өсиет айтты.

Абай өнер-білім алуға шақырды, өмірде өз орныңды тап, пайдалы әрекет жаса, дейді. «Сен де – бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та, бар қалан!» деген сөздер соның айғағы. Қазақ

елінде ойын-сауыққа көп әуестеніп, бір үйден бір үйге, бір ауылдан бір ауылға селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет барын ашына ескертіп, одан аулақ болуды арман етті.

Ұлы ағартушы өзінің көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр тұрмысын және надандығын мінеп-шенеді. Қара басының қамын ғана ойлайтын, яғни тән қажеттігін өтеуді ғана ескеріп, рухани қажеттілікті ойламайтын, біреуді алдап, біреуді арбап күн көрушілерге, өзінен күшті әкімдер алдында жағымпаздықпен көзге түсіп қалуға тырысушыларға Абай мейлінше қарсы болды. Ондағы мақсат халыққа адал қызмет ету деп ұқты:

Пайда ойлама, ар ойла
Талап қыл артық білуге.
Артық білім кітапта
Ерінбей оқып көруге,

- деп жастарды білім-ғылымды меңгеруге шақырды. Тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде деп ұққан Абай:

Түбінде баянды еңбек егін салған,
Жасынан оқу оқып, білім алған.
Би болған, болыс болған мақсат емес,
Өнердің бұдан өзге бәрі жалған.

Ел болу үшін қала салып, отырықшылықта болу керек, мектеп салып, оқу оқып, білім алу қажет, тіршіліктің тұтқасы еңбек пен білімде ғана тұр [5] деп жар салды.

Сонымен, Абай көксеген имандылық тәрбиенің нәтижесі - өзіндік тәрбие арқылы жүзеге асуы тиіс. Сол себепті, хакім ұстаз оған кедергі болатын нәрселердің имандылықтың қас жауы немесе ең жаман қасиеттерге балап, «күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе: әуелі – надандық, екінші – еріншектік,, үшінші - залымдықты» атап көрсетеді. Абай надандықтан құтылмайынша, іздеген мұратын, ізгі арманың бәрі бекер дегенді уағыздайды. Абай түсінігендегі педагогикалық мәні зор ұғымдар: Алла. Қоғам. Адам. Тәрбие. Осы ұғымдар арқылы Абай қалдырған парасат-пайымдылық, өсиет-нақылдық, өнегетайылымдық, рухани имандылық, педагогикалық идеялары мен биік мұраттары тек бүгінгі күннің ғана өзекті мәселесі болып табылмайды, сондай-ақ ол, келешекке де мол бағышталған.

Қорыта айтқанда, әлемдік деңгейдегі хакім ұстаз – Абай есімі тәуелсіз еліміздің рухын биікке көтеретін, соған лайық есім. өйткені, Абай көздеген ұлы мұраттың ұлттық шеңберде ғана емес, дүниежүзілік ұлы мұраттармен ұштасуы, бүгінгідей ұлтты Қазақстан ұландарын тәрбиелеуге зор ықпал етері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Елемесова А.С. Абай және рухани-имандылық тәрбие. – Алматы: Білім, 2000. (А.Құдияровамен авторлық бірлестікте).
2. Жәнібеков Ө. Социалистік қазақстан // 20.12.1990
3. Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы, 1995.
4. Абай Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005 – 336 б.
5. Халитова И.Р. Абай Құнанбаев мұрасын оқу-тәрбие процесіне ендірудің педагогикалық негіздері. – Алматы, 1997. – 200 б.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ МАҢЫЗЫ



**Баяхметова Гулдан Солтановна
Абеуова Шолпан Рысбекқызы
бастауыш сынып мұғалімдері
Абай облысы білім басқармасы
Семей қаласының білім бөлімі
№16 Т.Аманов атындағы
ЖОББМ**



Қазіргі заманда қоғам дамуының басты көрсеткіші — білім беру сапасы мен сол білімнің өмірде қолданылу тиімділігі. Осы орайда білім беру жүйесінің алдында тұрған

маңызды міндеттердің бірі — оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мен дамыту. Әсіресе, бұл мәселе бастауыш сынып оқушылары үшін ерекше маңызға ие, себебі дәл осы кезеңде баланың оқу, жазу, ойлау және өз ойын еркін жеткізе алу қабілеті қалыптаса бастайды. Функционалдық сауаттылық дегеніміз — адамның алған білімін күнделікті өмірде тиімді қолдана білуі. Бұл тек теориялық біліммен шектелмейді, керісінше, білімді тәжірибемен байланыстыра алатын, ақпаратты сыни тұрғыдан саралап, нақты шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Сондықтан, бастауыш мектепте оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру — олардың болашақта қоғамның белсенді, саналы мүшесі болуына тікелей әсер етеді.

Функционалдық сауаттылық — бұл оқушылардың ақпаратты қабылдау, оны өңдеу, қолдану, өз бетімен ой қорытып, мәселені шешу қабілетін дамытатын кешенді қабілет. Оқушы тек мәтінді оқып, оны түсініп қоймай, ондағы негізгі ойды, мақсатты, автордың көзқарасын анықтап, алған мәліметін өмірлік жағдаятта қолдана алуы тиіс. Бұл сауаттылық түрі білім беру сапасының жаңа көрсеткіші ретінде қарастырылып отыр[1,17].

Функционалдық сауаттылық тек тілдік біліктілікке ғана қатысты емес, ол математикалық, жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық сауаттылықты да қамтиды. Әр пән бойынша оқушыға берілетін тапсырмалар мен ақпараттар өмірлік жағдаяттармен байланысты болуы қажет. Бастауыш мектеп – баланың тұлға болып қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Бұл кезеңде баланың ой-санасы, дүниетанымы, оқуға деген көзқарасы қалыптасады. Жас ерекшелігіне байланысты олар нақтыдан абстрактіге өте алмайды, сондықтан оқыту барысында көрнекілік, әрекет арқылы үйрету, өмірмен байланыстыру әдістері маңызды рөл атқарады [2,19].

Психологтардың айтуынша, 6-10 жас аралығындағы балалардың есте сақтау, логикалық ойлау, тіл байлығы қарқынды дамиды. Сондықтан осы кезеңде баланың ойлау дағдысын тек оқулықпен шектемей, нақты өмірлік жағдайлар арқылы дамыту — олардың функционалдық сауаттылығын арттырудың тиімді жолы. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын арттыру үшін қолдануға болатын негізгі әдістер:

Оқуға ынталандыратын тапсырмалар беру — бұл оқушылардың қызығушылығын арттырып, оқуға деген ішкі мотивациясын күшейтуге бағытталған маңызды тәсіл. Мұндай тапсырмалар тек мәтінді оқып, мазмұнын айтып берумен шектелмейді. Керісінше,

оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін және өмірлік тәжірибесін қолдана алуын талап ететін тапсырмалар ұсынылады. Мысалы, оқушылар мәтінді оқып болған соң, оның мазмұнын қазіргі өмірмен байланыстыру тапсырмалары беріледі. Бұл – кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беру, олардың таңдауы мен шешімдерін шынайы өмірдегі жағдайлармен салыстыру, «осы оқиға қазіргі заманда орын алса не болар еді?» деген сұрақтарға жауап беру секілді тапсырмалар болуы мүмкін. Сонымен қатар, мәтінге негізделген нақты жағдаяттар ұсынылып, оқушылардан өз пікірін білдіру, балама шешім ұсыну, түрлі рөлге ену арқылы жағдаяттан шығу жолдарын қарастыру сұралады. Мысалы:

- Егер сен осы оқиғадағы басты кейіпкердің орнында болсаң, не істер едің?
- Бұл оқиға сенің өмірінде орын алса, қандай шешім қабылдай едің?
- Қоғамда дәл осындай жағдайлар кездесіп жата ма? Қалай шешіледі?

Мұндай тапсырмалар оқушыларды тек мәтінді түсінуге емес, оны талдауға, өмірлік тәжірибемен ұштастыруға, жеке көзқарасын білдіруге жетелейді. Сонымен бірге, оқушының оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, оқуға деген жауапкершілігін арттырады. Бұл тәсіл оқушының оқығанын терең түсінуге және оны өз тәжірибесіне бейімдеуге көмектеседі [3,11].

Сыни ойлауды дамыту. Сыни ойлау – ақпаратты талдап, сұрыптап, бағалап, дәлелдерге сүйене отырып өзіндік тұжырым жасай білу қабілеті. Бұл – жай ғана ойлау емес, нақты дәлелге, логикаға, себеп-салдар байланысына негізделген терең таным процесі. Оқушыларда сыни ойлауды дамыту – заманауи білім берудің басты міндеттерінің бірі. Сыни ойлау қабілеті дамыған оқушы:

- ақпаратты талдайды, салыстырады;
- біржақты пікірге күмәнмен қарайды;
- өз көзқарасын дәлелдей алады;
- басқалардың пікірін құрметтей отырып, өз тұжырымын ұсынады;
- шешім қабылдауда логикалық ойлау мен дәлелді пайымға сүйенеді.

Бұл қабілетті дамыту үшін оқытуда мынадай әдістер мен тапсырмалар тиімді қолданылады:

- Ашық сұрақтар қою: «Сен не ойлайсың? Неге олай ойлайсың?», «Бұл шешім дұрыс па? Себебін түсіндір».
- Пікірталас, дөңгелек үстелдер: Оқушылар бір мәселе төңірегінде түрлі көзқарастарды тыңдай отырып, өз ұстанымын қалыптастырады.
- Мәтінді талдау: Автордың көзқарасы қандай? Сен бұл пікірмен келісесің бе? Неліктен?
- Салыстыру тапсырмалары: «Екі кейіпкердің әрекетін салыстыр. Қайсысының әрекеті орынды?», «Оқиғаның балама шешімін ұсынып көр».
- Проблемалық жағдаяттар: «Егер сен осындай жағдайға тап болсаң, қандай шешім қабылдай едің? Оның нәтижесі қандай болуы мүмкін?»
- АРТ-тапсырмалар (шығармашылық): Өз көзқарасын эссе, кластер, диаграмма, комикс, постер түрінде білдіру.

Сыни ойлау – тек пәндік біліммен шектелмейді. Ол оқушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастырып, күрделі жағдаяттарда дұрыс шешім қабылдай білуіне ықпал етеді [5]. Мысалы, оқушылар бір мәселені шешу барысында бір ғана дұрыс жауапты емес, бірнеше ықтимал шешімді қарастырады, өз пікірін дәлелдермен қорғауға үйренеді. Сыни ойлауды дамыту арқылы оқушы:

- өзіне сенімді бола түседі;

- білімді дайын күйінде қабылдамай, сұрақ қоя білуге үйренеді;
- топпен жұмыс істеу, пікір алмасу дағдыларын меңгереді;
- тез өзгеріп жатқан әлемде өз орнын таба алатын тұлға ретінде қалыптасады.

Жобалық және зерттеушілік тапсырмалар. Мысалы, «Менің отбасымның денсаулық күнделігі» немесе «Мектебіміздегі су үнемдеу жолдары» сияқты шағын жобалар оқушының қоршаған ортаға назар аударуына, мәлімет жинап, оны сараптауға үйретеді.

Коммуникативтік тапсырмалар. Топтық жұмыстар, пікір алмасу, көркем мәтін бойынша диалог құру — оқушының өз ойын жеткізе алуына мүмкіндік береді. Бұл тілдік және әлеуметтік функционалдық сауаттылықты қатар дамытады.

Интерактивті әдістер. АКТ (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар) көмегімен өткізілетін сабақтар баланың танымдық қызығушылығын арттырады. Мысалы, «Интерактивті картадан қалаңды тап», «Онлайн викторина» немесе мультимедиялық мәтіндермен жұмыс істеу тиімді.

Мұғалім — оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы басты тұлға. Мұғалім тек білім беруші емес, бағыттаушы, кеңесші, шабыттандырушы рөлін атқарады. Сабақ барысында оқушының бойындағы қабілеттерді байқап, оны дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдай білуі қажет. Сондай-ақ, мұғалімнің өзі де үздіксіз білім алып, заман талабына сай өзгерістерден тыс қалмауы керек. Жаңа бағдарламалар, педагогикалық технологиялар, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану — бүгінгі мұғалімнің кәсіби міндеті. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда бірқатар қиындықтар да кездеседі:

- Оқу бағдарламасының шамадан тыс жүктемелігі;
- Мұғалімдердің әдістемелік дайындықтарының жеткіліксіздігі;
- Ата-аналардың қолдауының аздығы;
- Білім беру инфрақұрылымының толық қамтамасыз етілмеуі.

Бұл кедергілерді шешу үшін жүйелі жұмыс қажет. Мектеп пен ата-ана арасындағы тығыз байланыс, мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау, оқу бағдарламаларын жаңарту — негізгі бағыттар болуы тиіс[4].

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылық — тек білім беру саласының ғана емес, бүкіл қоғамның өзекті мәселесіне айналып отыр. Бастауыш сынып кезеңінде оқушының осы қабілеттерін қалыптастыру — болашақта саналы, сыни ойлай алатын, жауапкершілікке ие азамат тәрбиелеудің негізі. Сондықтан да мектеп мұғалімдері, ата-аналар мен білім беру мекемелері бірлесе отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бағытында жүйелі әрі мақсатты жұмыс жүргізуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақбаева, Д. «Функционалдық сауаттылық – заман талабы». Алматы: Білім, 2020.
2. Әбдікәрімова, А. «Бастауыш сыныптағы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары». Астана: НЗМ, 2019.
3. Нұрғалиева, М. «Сыни ойлау – оқушы қабілетін дамытудың негізгі тетігі». Шымкент: Ұстаз, 2021.
4. Сатыбалдиева, З. «Білім беру сапасы және функционалдық сауаттылық: тәжірибе мен болашақ». Алматы: Ғылым, 2023.
5. Қараев Ж. «Инновациялық технологиялар және сыни ойлау». Алматы: Рауан, 2015.

АЛЬФА-ҰРПАҚТЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДА БИОЛОГИЯ САБАҒЫНЫҢ ЖАҢАША БАҒЫТТАРЫ



Бексемуратова Асыл Закановна
биология пәні мұғалімі
Абай облысы білім басқармасы
Семей қаласы білім бөлімінің
«Экономикалық лицейі» КММ

Қазіргі заманда білім беру үдерісі қарқынды цифрлануда. Жаңа технологиялардың енгізілуі білім мазмұны мен оқыту әдістеріне үлкен өзгерістер алып келеді. Осы тұрғыда, бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі – альфа-ұрпаққа тиімді білім беру, оның функционалдық сауаттылығын дамыту

болып отыр. Альфа-ұрпақ – 2010 жылдан кейін дүниеге келген, толық цифрлық ортада өскен, ақпараттық технологияларды ерте меңгерген жаңа буын. Осы ұрпақтың қажеттіліктеріне сәйкес білім беру жүйесін қайта құру, оның ішінде биология сабағының мазмұны мен әдістерін жаңғырту маңызды міндет. Функционалдық сауаттылық – бұл адамның нақты өмірлік жағдайларда білім мен дағдыларды тиімді пайдалана алу қабілеті. Биология пәні бұл сауаттылықты дамытуда ерекше рөл атқарады, себебі ол адамның денсаулығы, қоршаған орта және өмірдің негіздері туралы кешенді білім береді. Сонымен бірге, биология білімін цифрлық құралдар мен инновациялық әдістер арқылы меңгерту оқушылардың зерттеу қабілеттерін, сыни ойлауын және шығармашылығын арттырады. Бұл эсседе альфа-ұрпақтың функционалдық сауаттылығын арттыруда биология сабағының жаңаша бағыттары қарастырылады. Сондай-ақ, білім берудегі цифрлық технологиялардың ықпалы мен олардың биология пәнінде қолданылуы туралы мәселе талданады.

Альфа-ұрпақ пен олардың ерекшеліктері

Альфа-ұрпақ деп қазіргі таңда дүниеге келген, толық цифрлық технологиялар ортасында өмір сүріп, дамып келе жатқан ұрпақты атайды. Бұл ұрпақтың балалары сандық құрылғылар мен интернеттің көмегімен ақпаратты ерте жастан игеріп, көп ақпаратты жылдам өңдей алады [1].

Олар мультимедиялық және интерактивті материалдармен жұмыс істеуге, виртуалды және кеңейтілген шындықты қабылдауға икемді. Алайда, ақпараттық технологиялардың бұл мол мүмкіндіктері кейде терең талдау мен сыни ойлаудың дамуына кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан білім беру жүйесі альфа-ұрпаққа тек білімді жеткізіп қана қоймай, сонымен бірге функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталуы қажет. Бұл – оқушылардың алған білімін нақты өмірлік жағдайларда дұрыс пайдалана білу, өз бетімен ақпарат іздеп, оны саралап, түсіндіріп және шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыру [2].

Функционалдық сауаттылық және оның маңызы

Функционалдық сауаттылық – қазіргі білім беру жүйесінде аса маңызды ұғым. Ол оқушының белгілі бір пән бойынша теориялық білімдерін ғана емес, сонымен қатар практикалық дағдыларын да меңгеруін білдіреді. Бұл дағдылар – мәтінді түсіну, ақпаратты талдау, шешім қабылдау, өз ойын нақты әрі дәлелді жеткізу қабілеті [3]. Биология пәні функционалдық сауаттылықты дамытуда ерекше рөл атқарады. Ол адамның денсаулығы, қоршаған ортаны қорғау, экология және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану сияқты маңызды мәселелерді қамтиды. Осыған байланысты биология сабақтары оқушыларға өмірлік маңызды ақпаратты ғана емес, оны қолдана білуге қажетті дағдыларды да үйретуі тиіс.

Биология сабағындағы жаңаша бағыттар. Цифрлық технологияларды енгізу

Биология сабақтарында цифрлық технологияларды кеңінен қолдану – оқыту тиімділігін арттырудың маңызды әдісі. Бұл бағытта виртуалды зертханалар, 3D-модельдеу, онлайн симуляциялар, мультимедиялық презентациялар қолданылады. Мысалы, микроскоптың виртуалды үлгісі арқылы жасушаның құрылысы мен қызметін тереңірек түсінуге болады [4].

Цифрлық технологиялар альфа-ұрпақтың танымдық белсенділігін арттырып, олардың зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, бұл оқушылардың функционалдық сауаттылығын нығайтып, оларды нақты өмірлік жағдайларда қолдана алатын біліммен қамтамасыз етеді.

Жобалық әдіс пен зерттеу жұмыстары

Жобалық әдіс оқушыларға топпен жұмыс істеуді, әртүрлі көзқарастарды тыңдауды және оларды өзара талдауды үйретеді. Бұл да функционалдық сауаттылықтың маңызды элементі – коммуникация және ынтымақтастық дағдылары. Жобалық оқыту барысында оқушылар алдымен белгілі бір тақырыпты тандап, оның жай-жапсарын зерттейді. Мысалы, экология саласындағы жобаларда олар қоршаған орта мәселелерін зерттеп, әртүрлі дереккөздерден ақпарат жинайды: ғылыми мақалалар, бейнежазбалар, интернет ресурстары, нақты тәжірибелер. Осы ақпаратты талдап, салыстырып, ол туралы өз тұжырымдарын жасайды. Бұл процесс олардың сыни ойлауын дамытып, ақпаратты сараптау қабілетін жетілдіреді. Сонымен қатар, жобалық жұмыстарда оқушылар экологиялық проблемаларды ғана емес, оларды шешудің нақты жолдарын да қарастырады. Мысалы, су сапасының ластану деңгейін зерттеп, суды тазарту әдістерін іздестіру, пластик қалдықтарын қайта өңдеудің тиімді тәсілдерін ұсыну, энергия үнемдеу технологияларын әзірлеу сияқты жобалар жасайды. Бұл жұмыстар оқушылардың өмірлік маңызды дағдыларын қалыптастырады. [5].

Интерактивті және командалық жұмыс

Интерактивті сабақтар, пікірталастар, топтық тапсырмалар арқылы оқушылар бір-бірімен тәжірибе алмасып, жаңа білімді бірге игереді. Бұл олардың коммуникативтік дағдыларын және сыни ойлау қабілетін арттырады. Альфа-ұрпақ үшін осындай әлеуметтік оқыту әдістері өте қолайлы, өйткені олар цифрлық ортада көп уақыт өткізеді және ынтымақтастыққа бейім [6].

Биология сабағының функционалдық сауаттылықты дамытудағы ролі

Биология пәні оқушыларға табиғат заңдылықтарын түсінуге, адам денсаулығын сақтауға және экологиялық мәселелерге жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Бұл білімдерді функционалдық тұрғыдан меңгеру үшін оқушыларды зерттеуге, салыстыруға және өмірде кездесетін нақты жағдайларда қолдануға үйрету маңызды. Мысалы, адамның ағзасындағы әр түрлі жүйелердің жұмысын үйрету кезінде оқушыларға өз денсаулығын бақылау, дұрыс тамақтану және спортпен айналысу қажеттілігін түсіндіру қажет. Бұл олардың өмірлік дағдыларын дамытып, функционалдық сауаттылығын арттырады [7].

Альфа-ұрпақтың білім алу қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, биология сабағын жаңаша бағытта ұйымдастыру – функционалдық сауаттылықты арттырудың тиімді жолы. Цифрлық технологияларды қолдану, зерттеу әдістері, интерактивті оқыту формалары оқушылардың танымдық белсенділігін, сыни және шығармашылық ойлауын дамытуға ықпал етеді. Биология пәні арқылы оқушылар өз денсаулығын сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға және заманауи технологияларды пайдалана отырып, өмірлік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік алады. Осылайша, биология сабағының жаңаша бағыттары альфа-ұрпақтың функционалдық сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарады және білім беру жүйесін заман талабына сай жетілдірудің бір құралы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Иванов А. «Психология и педагогика цифрового поколения». Москва: Наука, 2020.
2. Ахметова Г. «Образование и цифровые технологии в XXI веке». Алматы: ЕҰУ, 2019.
3. Петров В. «Функциональная грамотность в образовании». Санкт-Петербург: Питер, 2018.
4. Нұрғалиева Ж. «Цифрлық технологиялар мен биология сабағы». Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.
5. Смағұлова Ә. «Жобалық оқыту әдістері». Алматы: Рауан, 2017.
6. Еркінбаев Д. «Интерактивті оқыту технологиялары». Шымкент: Білім, 2022.
7. Қожахметова Л. «Биология сабағында өмірлік дағдыларды дамыту». Алматы: Атамұра, 2020.

ЛОГИКАЛЫҚ МАТЕМАТИКА

Раймханова Меруерт Бауржановна

бастауыш сынып мұғалімі

Абай облысы, Жарма ауданы, Әуезов кенті,

«Бақыршық орта мектебі»

e-mail: meruert-s@mail.ru



Аннотация: Мақаланың өзектілігі әлеуметтік өмірдің барлық салаларында, оның ішінде білім беруде жаңа ұрпақтың креативті қабілеттерін дамыту мен жетілдіруде объективті қажеттіліктің өсуімен, оқушының логикалық ойлауын дамытуға ықпал ететін педагогикалық жағдайларды анықтау және жасау қажеттілігімен байланысты. Мақаланың ғылыми жаңалығы оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың тиімділігін анықтайтын педагогикалық жағдайлар мен дидактикалық құралдардың жиынтығы болып табылады. Жұмыстың практикалық маңыздылығы психологиялық-педагогикалық жағдайларды анықтау және математика сабақтарында оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға ықпал ететін сабақтар кешенін әзірлеу болып табылады. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде білім берудегі мұғалім мен оқушының орнын анықтаудың іс-әрекеті және тұлғалық тәсілдері анықталған.

Түйін сөздер: математика, ойлаудың тәсілдері, логика, күрделі есеп, мәліметтер, абстрактілі түсінік, вариативтілік принципі, рефлексияның дамуы

Мақалада математика пәнін оқыту барысында оқушылардың ойлау қабілетін дамыту мәселесі және зерттеліп отырған тақырып бойынша жазылған әдебиеттерді талдау арқылы жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың логикалық ойлауын дамыту мен оқытудың міндетті нәтижелеріне қойылатын талаптар арасында, мәліметтерді салыстыруда анықталмаған деректер арасындағы қарама-қайшылықтар қарастырылған. Орта мектептердегі 3-сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытуға негізделген қағидаттар, талаптар, критерийлер жүйесі, сондай-ақ белгілі бір талаптарға жауап беретін тапсырмалар жіктеліп ұсынылған.

Педагогикалық психологияда ойлаудың логикалық тәсілдері кез-келген ғылымның арнайы білімі мен қызмет түрлерін меңгерудің қажетті құралы ретінде қарастырылады. Логикалық тәсілдер алынған білімді жүйелеу және жалпылау құралы ретінде, сондай-ақ бұрыннан бар жаңа білімді шығаруға мүмкіндік беретін ғылыми танымның логикалық әдістері ретінде жүргізіледі. Математика ғылым және техника тілі болып табылады. Оның көмегімен табиғатта болып жатқан құбылыстар мен процестер зерттеледі. Оқушылардың іс-әрекеті қандай да бір оқу пәнінің мәнмәтінінен тыс жүреді, мұғалім абстрактілі материалда логикалық операцияны кезең-кезеңмен қалыптастырады [1, 31].

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерді талдай отырып, біз жалпы білім беретін мектептердің практикалық іс-әрекетінің нәтижелері оқушылардың логикалық ойлауын дамыту мен оқытудың міндетті нәтижелеріне қойылатын талаптар арасында, оқушыға ұсынылатын ақпараттың үлкен көлемі мен оны нәтижелі түрде зерделеуде, бастыны бөліп алуда, мәліметтерді салыстыруда, сонымен бірге анықталмаған деректер арасында қарама-қайшылықтардың болуын көрсететіндігін анықтадық.

П.Г.Лубочников образды – логикалық ойлау «логикалық іс – әрекет үрдісінде қарастыру керек дейді. Жинақтау есебінен абстрактілі түсініктің іс – әрекеті үрдісінде түрлендіру негізінде конструкциялау, логикалық сызба арқылы екінші ретті образды қалыптастыру, тұрақты белгілерге сәйкес жалпылау, сонымен бірге осы пәнді жеке белгілері және белгілі бір логикалық бірізділік образдық операциялары арқылы анықтау немесе нақтылау», - деп түсінеді [2, 33].

В.А.Ширяева [3, 46] жүйелі – логикалық ойлау түсінігін енгізеді. «Жүйелі – логикалық ойлау ол логика заңдары мен өмірді тану жүйесінің принциптерін қолдану арқылы түсінік, пікір және ой қорыту операциялары маңызды болатын ойлаудың түрі. Бұл жалпы мектепте оқыту процесінде логикалық ойлауды дамыту проблемасының өзектілігін тағы да негіздейді.

Күн тәртібіне білім беруді реформалаудың күрделі міндеті қойылды және мұндай реформаларға қажеттілік өсуде. Ол болашақ ұрпақты білім алатын қоғамда және қазіргі әлемде — технологиялық тұрғыдан күрделі және экономикалық бағытта бәсекеге қабілетті өмірге дайындау қажеттілігінен туындап отыр. Бұл үшін білім беру жүйесі оқушыларда сыни ойлау, кешенді міндеттерді шешу, креативтілік көрсету, өз білімін басқару және өзара тиімді іс-әрекет жасау қабілеті сияқты зияткерлік дағдыларды қалыптастыруы тиіс [4, 31]

Сабақта берілген тапсырмаларды орындау оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру формасымен, математикалық есептерді шешу процесін басқару сипаты және оның күрделілік дәрежесімен, жазбаларды рәсімдеу және т.б. арқылы ерекшеленуі мүмкін. Енді осы мәселелерге тоқталайық.

I. Семантикалық және математикалық талдауды орындауға арналған тапсырмалар.

Тапсырманың мазмұны мен интерпретацияның кез келген түрі мен керісінше арасында сәйкестікті орнату. Алдымен осы тапсырмалардың (кей жағдайларда карточкада) арасында интерпретацияға сәйкес келетінін таңдау.

Берілген есепке сәйкес келетін интерпретацияның бірнеше деректерінің арасында таңдау жасау.

Қарастырылып отырған есепке қатысты құрылған интерпретацияда жіберілген қателерді табу.

Берілген есептер арасында белгілі бір түрдегі, типтегі есептерді таңдау. Оларды шығару барысында қарапайым есептерге жіктеу. Есептерді шешу кезінде орындалатын іс-әрекеттер тізбегін анықтау және тиімді есептеу тәсілдерін қолдану қажет немесе ыңғайлы есептерді таңдау.

Осынай есептерді шығару барысында орындалатын арифметикалық амалдардың санын анықтау. Есептерді шешу жолында кездескен қателерді табу.

Есеп мәтіндегі сандардан құралған өрнектердің мағынасын анықтау. Күрделі есептерді шығару алдында қосалқы есепті немесе осындай есептер тізбегін шешу.

Берілген тапсырмалар мәтінінен артық деректерді жою. Есептерді шығару барысында тапсырманың мазмұнын жетіспейтін деректермен толықтыру. Бірнеше тапсырмалар (кей жағдайда карточкалар) арасында оқушы ауызша шеше алатындай есептерді (қалай шығарылатыны белгілі) таңдау.

II. Есепті шешу.

Жұмыстың бұл түрінің негізгі мақсаты - оқушылардың белгілі бір шешім кезеңін орындай білуін үйрету, оларды жалпы шешім қабылдауға дағдыландыру, арифметикалық әрекеттер және т.б. туралы оқушылардың түсініктерін қалыптастыру.

III. Шешілген есеппен жасалатын қосымша жұмыс түрлері. Есеп шартын (басқа жолмен шығаруға болатындай) өзгерту.

Осы есептің мазмұнын және оның шешімін мазмұнмен, сонымен бірге басқа ұқсас есепті шешумен салыстыру.

Берілген есепті басқа тәсілмен немесе басқа құралдардың, басқа әдістердің көмегімен шығару. Есептің сандық деректерін өзгерту, яғни жаңа шешім тәсілі пайда болатындай немесе керісінше,

тәсілдердің бірі мүмкін болмауы үшін.

IV. Есептің шешімін тексеру тәсілдері.

Есепті шығару нәтижесінде алынған сандар мен есептеу жағдайында деректер арасындағы сәйкестікті анықтау.

Берілген есепті құру және шығару. Есепті әртүрлі тәсілдермен шешу.

V. Есептерді түрлендіру жұмысы.

Оқушыларды мәліметтер мен айнымалылар арасындағы қарым-қатынасты түсінуге үйрету өте маңызды, сандық деректердің, тапсырмадағы сұрақтың өзгеруі, олардың тапсырманы орындауға немесе жауап беруге қалай әсер ететінін көру.

Біздің зерттеуіміз бойынша есептерді түрлендіру бойынша берілетін тапсырмалар мыналар:

- есептің шарттарын өзгертпей оны шығару жолын өзгерту;

- Бүгінгі күні математика басқа ғылым мен практиканың дамуына елеулі әсер ететін көпжақты байланыстағы ғылым ретінде ғылыми-техникалық прогрестің базасы және жеке тұлғаның дамуының маңызды компоненті болып отыр десек артық болмас. Математиканы оқытудың негізгі мақсаттарының бірі адамның ойлау қабілетін қалыптастыру және дамыту, ең алдымен абстрактілі ойлауды қалыптастыру болып табылады.

Математиканы оқыту барысында ең таза түрде логикалық (дедуктивтік), алгоритмдік ойлау сапасының көбі - күш пен икемділік, конструктивтілік және т. б. сияқты қалыптасуы мүмкін.

Сондықтан «математика барлығы үшін» деген жаңа тұжырымдаманың негізін қалаушы қағидаттарының бірі ретінде математиканы оқытудың дамытушы функциясының басымдылығы идеясы бірінші кезекке қойылды. Осы қағидатқа сәйкес математиканы оқытудың әдістемелік жүйесінің орталығы математикалық ғылымның негіздерін оқу емес, қоршаған ортаны математика құралдарымен тану, соның салдарынан адамның осы әлемге, тұлғаның әлеуметтенуіне динамикалық бейімделуіне айналады.

Жоғарыда айтылғандардың математикалық білім берудің негізгі мақсаты математикалық, яғни нақты әлемнің құбылыстарын логикалық және саналы түрде зерттеу іскерлігін дамыту болуы тиіс деген қорытынды жасай аламыз. Осы мақсаттарды іске асыру математика сабақтарында әртүрлі стандартты емес логикалық есептерді шығаруға ықпал етуі мүмкін және ықпал етуі тиіс. Сондықтан математика сабағында мұғалімнің осы міндеттерді қолдануы болады, - деген тұжырым жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің басты мақсаттарының бірі — жас ұрпақты экологиялық тұрғыдан сауатты, табиғатты аялауға бейім, саналы азамат етіп тәрбиелеу. Қоршаған ортаның күйі адамзат болашағына тікелей әсер ететін заманда бұл мәселе бұрынғыдан да өзекті бола түсті. Экологиялық дағдарыс, климаттың өзгеруі, табиғи ресурстардың сарқылуы — барлығы да адамның табиғатпен қарым-қатынасының жауапкершілік деңгейіне байланысты. Сондықтан да табиғатты қорғау тек жекелеген адамдардың міндеті емес, тұтас қоғамның, соның ішінде білім беру саласының маңызды бағытына айналуы тиіс. Бұл үлкен міндетті жүзеге асыру ең алдымен бастауыш сыныптан басталуы қажет. Себебі дәл осы кезең — баланың тұлға ретінде қалыптасуының алғашқы, ең нәзік әрі шешуші сатысы. Баланың сезімталдығы, эмоциялық қабылдауы, қызығушылығы мен әлемге деген көзқарасы осы жаста белсенді дамиды. Табиғатпен тікелей қарым-қатынас, оның сұлулығын, көптүрлілігін бақылау, қорғауға деген қажеттілік — мұның бәрі бастауыш мектептің оқу-тәрбие мазмұнына терең енуі керек. Бастауыш мектеп баланың жүрегіне жол таба алатын, табиғаттың тынысын сезінуге, әр тіршілік иесіне жанашырлықпен қарауға үйрететін ерекше кезең. Ал табиғаттың ажырамас бір бөлшегі — өсімдіктер әлемі — экологиялық тәрбие берудің ең тиімді құралдарының бірі. Гүл, ағаш, шөп, орман... бұлардың әрқайсысы тек ботаникалық нысан емес, өмір мен сұлулықтың, үндестік пен үйлесімнің белгісі. Оқушы өсімдіктермен таныса отырып, табиғаттың құрылымын, тіршілік заңдылықтарын, экожүйелер арасындағы байланысты ұғынады. Мысалы, қарапайым бөлме гүлін күту арқылы оқушы жауапкершілікті, күтім жасауды, еңбекке деген сүйіспеншілікті бойына сіңіреді. Ал орман, саябақ немесе дала өсімдіктерін бақылау барысында ол тіршілік әлемінің нәзіктігін, біртұтастығын түсінеді. Сонымен қатар, өсімдіктермен жұмыс істеу — баланың эмоциялық және танымдық дамуына да оң ықпал етеді. Табиғи нысандармен жұмыс істеу кезінде оқушы бақылау, салыстыру, қорытынды жасау, сұрақ қою, жауап табу сияқты оқу әрекеттерін меңгереді. Мұндай жұмыс тек биологиялық білім беріп қоймайды, сонымен бірге баланың эстетикалық талғамын, логикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін дамытады. Өсімдіктер — үнсіз мұғалім. Олар сөзбен емес, болмысымен үйретеді. Олардың дамуы, түрленуі, маусымға қарай өзгеруі — табиғаттың ұлы сабағы. Баланың бойында табиғатқа деген махаббат пен жауапкершілікті қалыптастыру үшін оны өсімдіктер әлемімен жүйелі және саналы түрде таныстыру қажет. Бұл үшін сабақта және сабақтан тыс уақытта түрлі практикалық жұмыстарды ұйымдастыру — өте маңызды. Мысалы, табиғат күнделігін жүргізу, гербарий жасау, гүл отырғызу, бақша жұмысына қатысу, далалық экскурсиялар —

баланың экологиялық мәдениетін қалыптастыратын тиімді әдістердің қатарына жатады. Табиғатқа деген сүйіспеншілік – адамның рухани байлығының көрінісі. Бұл сүйіспеншілікті бала бойына ерте бастан дарыту – ұстаздың, ата-ананың, тұтас қоғамның борышы. Бастауыш сыныпта берілген табиғат туралы алғашқы білімдер, әсіресе өсімдіктер әлемі арқылы жүзеге асқан тәрбиелік жұмыс, оқушының тек мектеп қабырғасындағы жетістігіне емес, болашақ өмірлік ұстанымдарына да тікелей әсер етеді. Сондықтан да табиғатқа жанашырлық, оны аялау сезімі — тек білім емес, бұл — тәрбиенің, адами құндылықтардың өзегі. Өсімдіктер – Жер бетіндегі тіршіліктің негізі. Адам өмірі өсімдіктерсіз мүмкін емес. Олар – тіршілік иелерінің өмір сүруіне қажетті ең маңызды табиғи ресурстардың бірі ғана емес, сонымен қатар бүкіл экосистеманың тұрақтылығын қамтамасыз ететін басты фактор. Ең алдымен, өсімдіктер – оттегінің көзі. Фотосинтез процесі арқылы олар көмірқышқыл газын сіңіріп, оттегін бөліп шығарады. Бұл – адамдар мен жануарлардың тыныс алуы үшін аса қажет. Жер шарындағы әрбір тыныс алған деміміз – өсімдіктердің арқасында. Орман, шалғын, егістік, тіпті бөлмедегі жасыл гүл – бәрі де осы ғажайып табиғи процестің қатысушылары. Ғалымдардың пікірінше, бір гектар орман жылына шамамен 3 тонна оттегі бөліп шығарады [1].


Екіншіден, өсімдіктер – тағам мен дәрі-дәрмектің қайнар көзі. Адамзат ежелден өсімдіктерді азық ретінде пайдаланып келеді. Көкөніс, жеміс-жидек, дәнді дақылдар, жаңғақ, шөп – бұлардың бәрі де адам ағзасына қажетті дәрумендер мен пайдалы заттарға бай. Сонымен қатар, өсімдіктерден мыңдаған түрлі дәрілік заттар алынады. Халық медицинасынан бастап қазіргі заманғы фармацевтикаға дейін өсімдіктерден алынған шипалы элементтер кеңінен қолданылады. Мысалы, түймедақ, жалбыз, шайқурай, женьшень, алоэ сынды өсімдіктердің емдік қасиеттері медицинада жоғары бағаланады [2,15].

Үшіншіден, өсімдіктер – құрылыс пен тұрмыстың қажетті материалдары. Ағаш – құрылыс индустриясында, жиһаз жасауда, қағаз өндірісінде таптырмас шикізат. Сонымен қатар, мақта, зығыр, кендір сынды өсімдіктерден мата, жіп, арқан сияқты тұрмыстық бұйымдар дайындалады. Яғни, өсімдіктер адамның материалдық қажеттерін өтеуде де үлкен рөл атқарады. Төртіншіден, өсімдіктердің адамға тигізетін эстетикалық және рухани әсері де ерекше. Табиғаттың сұлулығын, көктемнің көктем екенін, жаздың жадырағанын, күздің алтын бояуын, қыстың қырау басқан тыныштығын сезіндіретін де – өсімдіктер. Гүлдердің нәзіктігі, ағаштардың асқақтығы, шөптің сыбдыры – бұлар адамның жан дүниесіне әсер етіп, тыныштық пен шабыт сыйлайды. Сондықтан да суретшілер, ақындар, композиторлар шығармаларында өсімдіктер бейнесін жиі қолданады. Сонымен қатар, саябақтар мен гүлзарлар – адамның демалып, көңілін сергітетін орындар [3,17].

Өсімдіктер экологиялық тепе-теңдікті сақтауда да маңызды орын алады. Олар топырақты эрозиядан қорғайды, климатты реттейді, жауын-шашын мөлшеріне әсер етеді, түрлі зиянды қалдықтарды сіңіріп, ауа мен суды тазартады. Қазіргі таңда урбанизация мен индустриализация дамыған сайын, өсімдіктердің экологиялық қызметін сақтау аса маңызды мәселеге айналып отыр. Ағаштарды кесу, орманды жою, табиғи шөптесін алқаптардың қысқаруы — адамның өз болашағына жасаған кері әрекеті. Сондықтан да өсімдіктерді қорғау – тек табиғатты сақтау емес, адамзаттың өз өмірін қорғауы. Әрбір отырғызылған ағаш, күтім жасалған гүл, тапталмаған шалғын – бұл жердің тынысын, адамзаттың денсаулығын, болашақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қосылған үлес.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сағындықов Е. Н. Жалпы биология: Оқулық. – Алматы: Мектеп, 2009.
2. Жүнісбекова Г. Экологиялық тәрбие: теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Білім, 2018.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
4. UNESCO. (2021). *Education for Sustainable Development: A Roadmap*. Paris: United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization.



ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕУДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМНІҢ РӨЛІ

Кәкімжанқызы Индира
бастауыш сынып мұғалімі
Абай облысы білім басқармасы
Семей қаласы білім бөлімінің

«№51 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Аннотация. Мақалада инклюзивті білім беру жүйесінің ерекшелігі мен оның ерекше білім беруді қажет ететін (ЕБК) балаларды қоғамға бейімдеудегі рөлі қарастырылады. Инклюзивті оқытудың педагогикалық, әлеуметтік және психологиялық аспектілері, сонымен қатар ЕБК балалардың әлеуметтенуіне әсері ғылыми тұрғыда талданады. Мақаланың мақсаты – білім берудегі тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ете отырып, қоғамда

әділеттілік пен адамгершілік қағидаттарын жүзеге асырудағы инклюзивті білімнің мәнін ашу.

Кілт сөздер: инклюзивті білім, ерекше білім, әлеуметтену, бейімделу, теңдік, педагогика, қоғам

Қазіргі қоғамда әрбір баланың толыққанды тұлға ретінде дамуы мен әлеуметтенуіне жағдай жасау — мемлекет пен қоғам алдындағы ең өзекті әрі стратегиялық маңызды міндеттердің бірі. Баланың жынысына, ұлтына, әлеуметтік жағдайына, денсаулық мүмкіндіктеріне қарамастан, сапалы білім алуы, қоғамда өзін еркін сезінуі — адам құқықтарын сақтаудың басты көрсеткіші. Әсіресе, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың өмір сүру сапасын арттыру, олардың білім алуға, дамуға, қоғаммен тең дәрежеде араласуға толық құқығы бар екенін мойындау — өркениетті қоғамның айқын белгісі. Бұл ретте инклюзивті білім беру жүйесінің орны ерекше. Бұл жүйе қазіргі таңда жаһандық деңгейде танылып, білім беру саласындағы маңызды реформалардың бірі ретінде мойындалуда. Инклюзивті білім беру — мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамнан шеттетпей, керісінше, оларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізіп, өз құрдастарымен бірге оқыту, тәрбиелеу, дамыту және әлеуметтендіруді көздейтін білім беру философиясы. Инклюзия — бұл тек белгілі бір топқа арналған емес, барша бала үшін тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған жалпы адамзаттық ұстаным. Бұл ұғым тек физикалық кедергілерді жоюды ғана емес, сонымен қатар психологиялық, әлеуметтік және мәдени тосқауылдарды еңсеруді де қамтиды. Инклюзивті білім беру жүйесі теңдік, қолжетімділік, құрмет, төзімділік және түсіністік сынды құндылықтарға негізделеді. Ол қоғам мүшелерінің бір-бірін қабылдауын, әртүрлілікке құрметпен қарауын, баршаға ортақ өмір сүру мәдениетін қалыптастыруды мақсат етеді[1].

Инклюзивті білім берудің маңызы мен артықшылықтары:

Әлеуметтік әділеттілік пен теңдікке қол жеткізу:

Инклюзивті білім арқылы әрбір бала өзінің ерекшелігіне қарамастан, білім алуға тең мүмкіндікке ие болады. Бұл — қоғамда ешкімнің шеттетілмеуін, кемсітілмеуін қамтамасыз етудің басты жолы[2].

Баланың әлеуетін толық ашу:

Ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдай жасалған кезде олар өз қабілеттерін дамытуға, қоғамда өз орнын табуға мүмкіндік алады. Ал бұл — олардың өз-өзіне сенімділігін арттырып, өмірге деген құлшынысын оятады.

Қоғамның мәдени және рухани дамуына ықпал:

Инклюзивті ортада тәрбиеленген балалар басқаға жанашыр, төзімді, қамқор болып өседі. Олар мейірімділік, бір-бірін қолдау, өзгелердің ерекшеліктерін құрметтеу секілді қасиеттерді бойына сіңіреді.

Мұғалімдердің кәсіби дамуына жол ашады:

Инклюзивті білім беру мұғалімдерден оқыту мен бағалаудың түрлі тәсілдерін қолдануды, саралап оқытуды, жеке көзқарасты қажет етеді. Бұл педагогтың кәсіби ізденісін арттырып, білім беру сапасын жақсартады.

ЕББҚ балаларды қоғамға бейімдеудің маңыздылығы

ЕББҚ балалар қоғамның толыққанды мүшесі болуға құқылы. Олар да басқа балалар сияқты:

- Қоғамдық өмірге белсене араласқысы келеді;
- Қарым-қатынас орнатуға, өз ойын білдіруге тырысады;
- Құрдастарымен бірге ойнауға, оқуға, дамуға ұмтылады[3,5].

Алайда, арнайы түзету мекемелерінде оқыту көбінесе оқушыларды оқшаулап, олардың әлеуметтенуіне кедергі келтіреді. Ал инклюзивті ортада ЕББҚ бала өзінің ерекшелігімен қабылданады, тең дәрежеде қатысады, өзін қоғамның ажырамас бір бөлшегі ретінде сезінеді. Мұндай ортада балалар арасында түсіністік, өзара көмек, толеранттылық қалыптасады. Құрдастарымен өзара әрекеттесу арқылы ЕББҚ бала коммуникативтік, әлеуметтік дағдыларды меңгереді. Сонымен қатар, инклюзивті сыныптағы басқа балалар да ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды түсініп, адамгершілік, жанашырлық, қабылдау мәдениетін бойына сіңіреді[4,5].

Мұғалім – инклюзивті білім берудің негізгі тұлғасы. Ол:

- Әр баланың психологиялық, физиологиялық ерекшелігін ескере отырып жеке оқу траекториясын құра білуі керек;
- Сыныпта қолайлы эмоционалды атмосфера орнатуы қажет;
- Құрдастар арасында бір-бірін қабылдау мен қолдауды дамытуы тиіс;
- Арнайы педагогтермен, психологтармен, ата-аналармен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істеуі қажет.

Сондай-ақ, қолданылатын әдіс-тәсілдер мен дифференциацияланған оқыту тәсілдері мұғалімнің кәсіби даярлығына тікелей байланысты. Сондықтан инклюзивті білімді іске асыру үшін педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру — маңызды мәселе.

Қоғамдық қолдау және ата-аналармен жұмыс. Ата-аналарға:

- Инклюзивті оқытудың артықшылықтары түсіндірілуі керек;
- Ерекше баланың қоғамға бейімделу мүмкіндігі мен құқығы насихатталуы тиіс;
- Психологиялық-педагогикалық кеңес беру арқылы ортақ түсіністік пен қолдау тетіктері қалыптасуы қажет.

Қорыта айтқанда, инклюзивті білім беру — бұл тек педагогикалық тәсіл емес, бұл — қоғамның адамгершілік деңгейін айқындайтын көрсеткіш. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоғамнан бөлмей, қайта оларды қоғамдық ортаға тең дәрежеде араластыру — шынайы өркениеттіліктің белгісі.

Инклюзивті білім арқылы біз балаларды тек оқытып, дамытып қана қоймай, оларды қоғамда өз орнын таба алатын, өзін бағалайтын, қоршаған ортаға бейімделген тұлға етіп тәрбиелейміз. Бұл — адам құқықтарын қорғау мен әділетті, толерантты қоғам құру жолындағы нақты қадам.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. 2007 жыл (соңғы өзгерістермен).
2. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. Инклюзивті білім беру тұжырымдамасы. – Астана, 2022.
3. Айтбаева А. «Инклюзивті білім: теория мен тәжірибе». – Алматы: Білім, 2021.
4. UNESCO. (2020). *Inclusive Education: Achieving Education for All*. Paris.
5. Жолдасбекова С. «Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту ерекшеліктері». // Білім. – 2023. – №2.
6. Florian, L. (2014). *The SAGE Handbook of Special Education*. SAGE Publications.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ҰЛТТЫҚ РУХ: САБАҚТАСТЫҚ ПЕН ҰРПАҚТАР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Бөкембаева Нәзира Мейрамбайқызы
бастауыш сынып мұғалімі

«№47 Ахмет Байтұрсынов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Аннотация. Бұл мақалада қазақ тілінің ұлттық рух пен мәдениетті сақтау мен дамытудағы маңызы қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілін меңгеруі ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз ету және ұлттық құндылықтарды бойға сіңірудің негізі ретінде түсіндіріледі. Мақалада тіл арқылы ұлттық тәрбие берудің, ұрпақтар арасындағы рухани байланысты сақтаудың маңыздылығы көрсетіледі. Сонымен қатар, мұғалімдердің қазақ тілін оқытудағы рөлі мен әдістемелік тәсілдері талқыланады.



Кілт сөздер: қазақ тілі, ұлттық рух, сабақтастық, ұрпақтар жалғастығы, бастауыш сынып, ұлттық тәрбие, тіл үйрету, мәдениет

Қазақ тілі – ұлттың ең басты құндылығы және оның рухани тірегі болып табылады. Тіл арқылы ұрпақтар арасындағы сабақтастық қамтамасыз етіледі, халықтың мәдениеті, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, тарихы ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі. Сондықтан қазақ тілін сақтау мен дамыту – ұлттың біртұтастығын нығайту, ұлттық болмысты сақтаудың негізі.

Бастауыш сынып кезеңі – баланың дүниетанымын қалыптастырып, ұлттық сана-сезімінің негізін салатын өте маңызды уақыт. Осы кезеңде бала өз ана тілін үйренумен қатар, өз халқының мәдениеті мен дәстүрлерін де танып, түсінеді. Мұғалімдердің қазақ тілін оқытудағы рөлі ерекше: олар оқушыларға тілдің грамматикалық негізін ғана үйретіп қоймай, ұлттық рухты, патриоттық сезімді тәрбиелейді. Ұлт болашағы – бүгінгі балада. Сондықтан мектепте қазақ тілін оқытудың мазмұны мен әдістемесі ұлттық тәрбиені, рухани құндылықтарды алға шығаратындай етіп ұйымдастырылуы қажет. Мысалы, сабақ барысында қазақтың ұлттық әдебиеті мен ауызша шығармашылығы, мақал-мәтелдері, ертегілері мен халық салттары оқушыларға таныстырылады. Бұл арқылы бала өз ұлтының тарихы мен мәдениетін терең түсініп, оны мақтан тұтуға тәрбиеленеді. Сонымен қатар, қазіргі жаһандану дәуірінде тіл мен ұлттық рухтың сабақтастығын сақтау – қоғамның дамуында маңызды фактор. Білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытудың мазмұны мен тәсілдерін жаңартып, балалардың тілдік қабілеттерімен қатар, рухани құндылықтарға деген құрметті қалыптастыру міндеті тұр. Бұл бағытта мұғалімдерге арнайы әдістемелік көмек пен тұрақты кәсіби даму бағдарламалары ұсынылуы керек. Ұлттық рух – бұл тек мәдениет пен дәстүр емес, ол – ұлттың өмірлік философиясы, оның әлемді тануы мен өзіндік көзқарасы. Қазақ тілін меңгеру арқылы бала осы рухани негіздерді бойына сіңіреді, елін, тілін, жерін сүйетін азамат болып өседі. Сондықтан қазақ тілін оқыту ұлттық тәрбиемен сабақтасып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы – біздің басты мақсатымыз.

Қазақ тілі – бұл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттық рухтың, тарихтың, мәдениеттің сақтаушысы. Ұлттың болашағы – оның тілінде, ұлттық сана-сезімінде. Сондықтан бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту кезінде тілдік біліммен бірге рухани тәрбиенің сабақтастығын қамтамасыз ету өте маңызды. Бұл кезеңде оқушының ұлттық құндылықтарды түсінуі, тіл арқылы өз ұлтына деген сүйіспеншілігі қалыптасады[1,25].

Мұғалімнің рөлі осы үрдістің негізі болып табылады. Ол – тек тіл үйретуші ғана емес, сонымен бірге ұрпақ тәрбиелеуші, рухани бағдар беруші. Мұғалім сабақта ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, мақал-мәтелдерді қолдана отырып, оқушыларға туған тілінің маңыздылығын түсіндіреді, ұлттық сана-сезімін оятады[2,15].

Мысалы, сабақта мақал-мәтелдерді үйрету арқылы балаға бабалар даналығының үлгілерін жеткізуге болады. Немесе қазақтың ұлттық ойындары, ұлттық киімдер туралы әңгімелер арқылы ұлттың бай мәдениетін танытуға мүмкіндік туады.

Негізгі бағыттар	Мазмұны	Мұғалімнің рөлі	Тапсырмалар
1. Тілдік білім	Қазақ тілінің грамматикасы, сөздік қорын дамыту	Тіл үйрету, сөздік жұмысын ұйымдастыру	Мақал-мәтелдерді оқу, сөздерді үйрету
2. Ұлттық рухты қалыптастыру	Мақал-мәтел, ұлттық салт-дәстүр, халық шығармалары	Ұлттық құндылықтарды түсіндіру, рухани тәрбиелеу	Ұлттық әңгімелер оқу, салт-дәстүр туралы әңгімелеу
3. Ұрпақтар сабақтастығы	Ұлт тарихы, ата-баба мәдениеті, тілді құрметтеу	Ұлттық мұраны жеткізу, балаға ұлт тарихын үйрету	Туған жер, отбасы туралы шығармалар жазу, әңгімелесу
4. Тіл мен тәрбие сабақтастығы	Тіл арқылы ұлттық тәрбие беру	Оқыту мен тәрбиені ұштастыру	Топтық жұмыс, диалогтар, ойындар арқылы тілдік тәрбиелеу
5. Мәдени мұраны тану	Қазақтың ұлттық киімдері, ойындары, ән-күйлері	Мәдени мұраны таныстыру, қызықтыру	Ұлттық ойындар өткізу, әндерді жаттау

Ұрпақтар жалғастығы мен ұлттық рухтың беріктігі – қазақ тілінің дамуына және оның мектептегі оқыту сапасына тікелей байланысты. Сондықтан білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу басты назарда болуы тиіс[3].



Тапсырмалар

Мәтінмен жұмыс: Оқушыларға қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді оқытып, олардың мағынасын талқылау. Мысалы, «Тілді құрметтемеу – ұлтты құрметтемеу», «Ана тілі – алтын қазына» сияқты мақалдарды түсіндіру.

Сұрақтар: Бұл мақалдар не туралы айтады? Олар неге маңызды? Сенің ана тіліңнің қандай қасиеттері бар?

Жазбаша жұмыс: «Менің ана тілім» тақырыбында шағын шығарма жазу. Оқушыларға тіл туралы өз сезімдері мен ойларын білдіруге мүмкіндік беру.

Диалог: «Отбасым мен туған елім туралы» тақырыбында жұптасып әңгімелесу. Бұл тапсырма балаларға туған жер мен отбасының құндылығын тіл арқылы жеткізуге көмектеседі.

Топтық жұмыс: Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері туралы суреттерді топтастыру және оларды түсіндіру. Мысалы, киіз үй, ұлттық киім, бесік, той рәсімдері туралы түсінік беру.

Ойын: Ұлттық ойындар мен дәстүрлер туралы сұрақ-жауап формасында ойын өткізу. Бұл оқушылардың қызығушылығын арттырып, тілдік дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Шығармашылық тапсырма: Балаларға ұлттық киімнің суретін салып, оның маңыздылығын айтуға немесе қазақтың ұлттық әнін жаттап келуге ұсыну.

Осылайша, тіл мен рух сабақтастығын сақтау арқылы ғана қазақ халқы өз мәдениеті мен тарихын сақтап қана қоймай, сонымен бірге ұлттық болмысын нығайтып, болашақта да ұлттық тәуелсіздігін берік ұстап қалу мүмкіндігіне ие болады. Тіл – ұлттың ең басты рухани қазынасы, ұлттың бірегейлігін анықтайтын негізгі фактор ретінде қызмет атқарады. Егер тіл тірі болса, онда ұлттың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, құндылықтары да ұрпақтан ұрпаққа аман-есен жетеді. Ұлттық рух пен тілді сабақтастырып дамыту – бұл ұлттың мәңгілік дамуының кепілі, өйткені ұлттың рухани негізі жойылғанда, оның болашағы да қауіпке ұшырайды. Бұл бағытта бастауыш сыныпта қазақ тілін оқыту және тәрбиелеу үрдісі ерекше маңызды рөл атқарады. Себебі балалар осы кезеңде тілді меңгеріп қана қоймай, өздерінің ұлттық идентификациясын қалыптастырады. Олар ана тілін сүйе білуге, өз халқының мәдениеті мен тарихына құрметпен қарауға үйренеді. Сонымен қатар, тіл мен рух сабақтастығын сақтау – ұлттық сананы жаңғыртып, ұрпақтар арасындағы рухани көпірді қалыптастырады. Бұл көпір арқылы ұрпақтар өзара байланысып, ортақ құндылықтар мен идеяларды бөліседі, ұлттық бірлікті нығайтады. Осы арқылы қазақ халқы қазіргі жаһандану заманында да өз өзіндік ерекшелігін жоғалтпай, әлемдік мәдени кеңістікке өз орны мен болмысын таныта алады. Сондықтан қазақ тілін сақтап, дамыту – бұл тек білім беру жүйесінің ғана емес, бүкіл қоғамның, әрбір азаматтың ортақ міндеті. Ұлттың тұрақты дамуы мен тәуелсіздігі тек осындай сабақтастық пен бірліктің арқасында қамтамасыз етіледі.



Пайдаланылған әдебиеттер

1. Асанов, Н. Қазақ тілін оқытудың әдістемесі. Алматы, 2018.
2. Нұртазина, Ж. Ұлттық тәрбие негіздері. Астана, 2020.
3. Сүлейменова, Г. Мектептегі қазақ тілін оқытудағы инновациялық әдістер. Қарағанды, 2019.

АСЫҚ ОЙЫНЫ – БАЛАНЫҢ ЕПТІЛІГІН, МЕРГЕНДІГІН ШЫҢДАЙТЫН СПОРТ

Оралғазыев Қуаныш Оралғазыұлы
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
асық атудан спорт төрешісі
Абай облысы білім басқармасы
Семей қаласы білім бөлімінің
«№19 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Аннотация. Бұл мақалада асық ойынының ерекшеліктері мен оның тәрбиелік, мәдени маңызы жан-жақты қарастырылады. Асық ойыны – қазақ халқының дәстүрлі ұлттық ойындарының бірі ретінде баланың дене дамуына ғана емес, сонымен қатар оның ойлау қабілетіне, мінез-құлқына және ұлттық сана-сезіміне оң әсер ететін құрал екені дәлелденеді. Мақалада асықтың экологиялық сипаты, балаларды қозғалысқа баулудағы рөлі және ұлттық тәрбиедегі орны сипатталады. Сонымен қатар, қазіргі заманда асық ойынын қайта жаңғыртудың маңыздылығы сөз етіледі.



Кілт сөздер: асық ойыны, ұлттық тәрбие, экологиялық ойын, қазақ мәдениеті, ұлттық ойындар, дәстүр, балалар тәрбиесі, салауатты өмір салты

Асық ату – қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық ойындарының бірі. Бұл ойынның тарихы көшпелі тұрмыспен тығыз байланыста дамыды. Асықтар көшпелі халықтың күнделікті тіршілігінің бір бөлшегі ретінде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, дәстүрлі ойын-сауық пен тәрбиенің маңызды құралына айналды. Бұл ұлттық ойын балалардың дене және рухани дамуына ықпал еткен маңызды педагогикалық фактор болды. Асық ойыны арқылы жас ұрпақ дәлдік пен шапшаңдыққа, байқағыштық пен стратегияға үйренді. Сонымен қатар, ойын әділдік пен құрмет сияқты адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеуге де септігін тигізді. Бұл ұлы дәстүр әлеуметтік қарым-қатынасты нығайтып, жас және егде буын арасындағы байланысты күшейтті, отбасылық және қоғамдық мәдениеттің сақталуына өз үлесін қосты.

Асық ойындарына байланысты салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар

Қазақ қоғамында асық ойындары тек ойын-сауық ғана емес, ұлттық мұра ретінде ерекше бағаланды. Асықтарды арнайы жинап, сақтап, кейде оларды жылтырату, бояу сияқты рәсімдерді өткізу дәстүрі болды. Бұл әрекеттер асықтың құндылығын арттырып, ойынға ерекше құрметпен қарауға тәрбиеледі. Мерекелік жиындар мен ауылдық шараларда үлкендер мен балалар бірігіп, асық ойынын ойнады. Бұл тек көңіл көтеру емес, ұлттық мәдениетті сақтау мен жаңғыртудың да бір жолы болды. Осылайша, асық ойындары арқылы ұрпақтар сабақтастығы сақталып, қазақ халқының рухани бірлігі нығайды.

Асық ойынының негізгі құралдары мен ережелері

Асық ойынында қарапайым, бірақ мәні терең құралдар қолданылады. Негізгі элементтер – бірнеше асық пен оларды атуға арналған арнайы асық – сақа. Сақа асықты дәл көздеуге арналған және ойын барысына тікелей әсер етеді. Ойын алаңы дөңгелек немесе геометриялық пішінде белгіленеді, онда асықтар орналастырылады. Ойыншылар белгілі бір қашықтықтан сақа лақтырып, асықтарды алаңнан шығаруға немесе арнайы белгілерден өткізуге тырысады. Ойын кезекпен өтеді, әр ойыншы асықтарды мүмкіндігінше көп шығаруға ұмтылады. Ойын ұпай санымен есептеліп, ең көп ұпай жинаған немесе асық жинаған ойыншы жеңімпаз атанады.



Қазіргі таңда технологияның қарқынды дамуы нәтижесінде балалардың көп уақыты смартфон, планшет немесе компьютер алдында өтеді. Мұндай өмір салты баланың дене қозғалысын шектеп, белсенділігін төмендетіп қана қоймай, денсаулығына да кері әсер етуі мүмкін. Ал асық ойыны керісінше, балалар мен жасөспірімдерді таза ауада көп қозғалуға, денесін шынықтыруға, белсенді демалысқа баулиды. Бұл ойын барысында көз бен қолдың үйлесімділігі, дәлдік пен ептілік, шапшаңдық пен сергектік дамиды. Сондықтан асық ойынын қайта жаңғыртып, балалардың күнделікті өміріне енгізу – өте өзекті мәселе. Асық ойыны — тек спорттық жаттығу емес, оның мәдени, рухани және тәрбиелік мәні зор.

Асықтың түрлері

Сақа — асықтың үлкен әрі шымыр түрі. Бұл асық жеткен еркек қойдан (серкеден) немесе қошқар-текеден алынады.

Кеней — көпшілік ойнауға арналған қарапайым асықтар.

Шүкейт — жас малдың асығы.

Қойлық — қойдың асығы.

Ешкімек — ешкінің асығы.

Құлжа — құлжаның асығы.

Көктабан — қорғасын құйылған салмақты сақа асық.

Топаи — сиырдың асығы. Жабай — ірі асықты айтады.

Қолқар — арқардың асығы

Асықтың атаулары:

Алшы — асықтың тәйкеге қарама-қарсы жағы яғни алшы тұруы.

Тәйке — асықтың алшыға қарама-қарсы жағы.

Бүге — асықтың дөнес жағының жоғары қарап түсуі.

Шіге — асықтың қуыс жағының жоғары қарап түсуі.

Омпы — асықтың ашасы немесе мұртша жағы жоғары қарап түсуі немесе тік тұрып қалуы.

Шоңқай — асықтың омпаға қарсы жағымен тік түсуі.

Бұл ойын арқылы балалар тек денесін шынықтырып қоймай, қазақ халқының салт-дәстүрімен, ұлттық болмысымен, тілдік қорымен, тарихи-мәдени мұрасымен танысады. Ойын барысында балалар өзара тіл табысуды, достық қарым-қатынас орнатуды, бірін-бірі құрметтеуді үйренеді. Сонымен қатар, асық ойыны баланың бойында әділдік, жауапкершілік, табандылық, жеңіске деген ұмтылыс сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бекенов, Ә. Қазақтың ұлттық ойындары және олардың тәрбиелік мәні. — Алматы: Рауан, 2017.
2. Сатыбалдиева, Г. Ұлттық ойындардың бала дамуына әсері // Бастауыш мектеп, №4, 2021.
3. Нұрғалиева, А. Ұлттық ойындар арқылы оқушылардың құндылықтық бағдарын қалыптастыру // Педагогика және психология, №3, 2019.
4. https://kk.wikipedia.org/wiki/Асық_ойындары



ВОЛЕЙБОЛ ОЙЫНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОҚУШЫЛАР ДЕНСАУЛЫҒЫНА ПАЙДАСЫ

Серікұлы Медғат
дене шынықтыру пәні мұғалімі
Абай облысы білім басқармасы
Семей қаласы білім бөлімінің

«№51 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Аннотация.Мақалада волейбол ойынының 5–6 сынып оқушыларының физикалық және психоэмоционалдық денсаулығына тигізетін әсері зерттеледі. Автор волейболдың жүрек-қан тамыр жүйесі, бұлшықет торы, буындардың қозғалысы, координация, күйзеліс деңгейі және әлеуметтік қатынастарға қосатын үлесі туралы талдайды. Сонымен бірге, мектептегі волейбол жаттығулары мен ұйымдастырылған ойындардың

оқушылар денсаулығын нығайтудағы методикалық мүмкіндіктері қарастырылады.

Кілт сөздер: волейбол, физикалық даму, денсаулық, оқушылар, 5–6 сынып, методика, салауатты өмір салты

Негізгі бөлім. Ақтуалдылық және теориялық негіз

Волейбол – дене белсенділігін талап ететін командалық ойын түрі. Бұл спортпен жүйелі түрде айналысу адамның физикалық дайындығын жақсартып қана қоймай, жүрек-қан тамыр жүйесінің жұмысына оң әсерін тигізеді. Волейбол ойнау кезінде адам ағзасы үздіксіз қозғалыста болады: секіру, жүгіру, кенеттен тоқтау, қайта қозғалу секілді белсенді әрекеттер жиі қайталанады. Бұлшықеттерге үнемі күш түсуі нәтижесінде жүрек соғу жиілігі артып, қан айналымы жеделдейді. Жүрек оттегіге қаныққан қанды дененің барлық мүшелеріне жеткізу үшін белсенді жұмыс істейді. Нәтижесінде жүрек бұлшықеті (миокард) күшейіп, оның төзімділігі артады, сонымен қатар қан қысымы тұрақтанады. Сонымен қатар волейбол ойнау кезінде қан тамырларының серпімділігі жоғарылайды. Қан тамырларының қабырғалары тұрақты жаттығу кезінде созылғыш болып келеді, бұл атеросклероз, гипертония, жүрек жеткіліксіздігі секілді жүрек-қан тамыр ауруларының алдын алуға ықпал етеді.

- Жүрек-қан айналым жүйесінің жақсаруы;
- Оттегі мен қоректік заттардың тіндерге жеткізілуін жылдамдатады;
- Зиянды заттардың ағзадан шығарылу процесін жеңілдетеді;
- Шаршау деңгейін төмендетеді, адамның жалпы энергиясын арттырады.

Тұрақты түрде волейболмен айналысатын адамдарда жүрек соғысы жиілігі жаттыққан күйде қалыптасады, яғни жүрек аз соғып, көп жұмыс атқара алатын жағдайға жетеді. Бұл – жүректің үнемді жұмыс істеуіне және ұзақ уақытқа төзімді болуына әсер етеді. Зерттеушілер волейбол ойынының жүрек-қан тамыр жүйесін жаттықтыруға, тыныс алу қызметін жақсартуға, бұлшықет тонусын сақтауға ықпал ететінін атап көрсетеді. Сонымен бірге, волейбол — бұл психоэмоционалдық жағдайды жақсартатын спорт: командалық әрекет, жауапкершілік, бір-біріне қолдау көрсету және ойын кезінде стресс деңгейін төмендету мүмкіндігі[1,5]

Волейболдың бұлшықет жүйесі мен буындарға әсері

Волейбол – көпқырлы қозғалыстарды қамтитын динамикалық спорт түрі. Бұл ойында адам денесінің бірнеше негізгі бұлшықет топтары — қол, аяқ, арқа, іш, иық белдеуі – үнемі қозғалыс үстінде болады. Әсіресе шабуыл жасау, тосқауыл қою, допты қабылдау мен пас беру кезінде бұлшықет топтары үйлесімді әрі белсенді түрде жұмыс істейді. Бұл — бұлшықет күшін, серпінділігін, төзімділігін дамытуға ықпал ететін негізгі фактор[2,15].

Волейбол жаттығулары кезінде орындалатын серпінді және сериялық қозғалыстар:

- бұлшықеттің жиырылу қабілетін арттырады;
- жалпы қозғалыс үйлесімділігін жақсартады;
- статикалық және динамикалық тепе-теңдікті дамытады.

Ойын барысында дененің жоғарғы бөлігі (иық, білек, шынтақ) мен төменгі бөлігі (сан, балтыр, тізе, табан) теңдей қозғалысқа түседі. Мұндай көп жақты жүктеме дене сымбатын қалыптастыруға және бұлшықеттің дұрыс дамуына ықпал етеді. Секіру, қол сермеу, иілу, бұрылу, еңкею сияқты қимылдар волейбол ойынының негізгі компоненттері саналады. Мұндай қайталаушы қозғалыстар буындардың қозғалу амплитудасын сақтап, олардың серпімділігі мен икемділігін арттырады.



- Тізе, тобық, иық, шынтақ буындары ойын кезінде толықтай қозғалысқа түсіп, қозғалыс ауқымын сақтайды;
- Буындардағы қан айналым жақсарады, бұл бірқатар ортопедиялық аурулардың алдын алуға сеп болады;
- Қимыл-қозғалыс арқылы шеміршек тінінің қоректенуі жақсарады, бұл буындардың ұзақ уақыт бойы сау болуына әсер етеді.
- секіру қабілетін арттырады (әсіресе шабуыл мен блок қою кезінде);
- кеңістікте бағдарлау, жылдам бағыт ауыстыру сияқты күрделі дағдыларды дамытады;
- реакция жылдамдығын жақсартады;
- тепе-теңдік пен үйлесімді қимыл-қозғалысты қалыптастырады[3,7].

Волейбол – бұл тек дене жаттығуларының жиынтығы ғана емес, сонымен қатар оқушының тұлғалық, когнитивтік және психомоторлық қабілеттерін үйлесімді дамытатын тиімді құрал. Бұл спорт түрі дененің әртүрлі бұлшықет топтарын іске қосу арқылы физикалық төзімділікті арттырып қана қоймай, қозғалыс координациясын, көз-қол үйлесімін, кеңістікті бағдарлау қабілетін жақсартады. Ойын барысында ойыншының әрбір әрекеті жылдам ойлауды, дәлдік пен стратегиялық шешім қабылдауды қажет етеді. Мысалы, допты қабылдау немесе шабуыл жасау кезінде бала айналасындағы кеңістікті дұрыс бағалап, қарсыласының қимылын болжауға, соған сәйкес шешім қабылдауға үйренеді. Мұндай дағдылар күнделікті өмірде де аса қажет: қауіпсіздік сақтау, шешім қабылдау, назарды шоғырландыру, жылдам реакция білдіру. Сонымен қатар, волейбол оқушының психоэмоционалдық дамуына да оң әсерін тигізеді. Командалық ойын ретінде ол бірлесе жұмыс істеуге, жауапкершілік алуға, серіктесін құрметтеуге және өз күшіне сенуге тәрбиелейді. Бұл әлеуметтік дағдылар баланың мектеп ұжымына бейімделуіне, өзіне деген сенімнің қалыптасуына ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, волейболды бастауыш және орта буындағы дене шынықтыру бағдарламасына жүйелі түрде енгізу – оқушылардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық маңызды қадам. Сабақ барысында волейбол жаттығуларын тиімді қолдану арқылы мұғалімдер тек қана денсаулықты нығайтып қоймай, оқушының ойлау, шешім қабылдау, әрекет ету және ұжыммен байланыс орнату секілді өмірлік маңызы бар дағдыларын қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жүнісбеков, А.Қ. Дене тәрбиесі және спорт негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 256 б.
2. Ахметов, Қ.М. Спорттың педагогикасы мен психологиясы. – Алматы: Білім, 2016. – 212 б.
3. Нұркенов, С. Мектептегі дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарды қолдану. – Астана: Фолиант, 2019. – 144 б.
4. Дүйсенбаев, М.Ш. Волейбол. Теориясы мен әдістемесі. – Шымкент: Әлем, 2020. – 192 б.

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ СЫНЫПТАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Алпиева Айман Тлеугажиевна
педагог-психолог
Абай облысы білім басқармасы
Семей қаласы білім бөлімінің
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
№47 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ



Аннотация. Мақалада инклюзивті білім беру жүйесіндегі педагог-психологтың рөлі мен оның тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру жолдары қарастырылады. Инклюзивті сыныпта әртүрлі даму ерекшеліктері бар балалармен жұмыс істеудің психологиялық-әдістемелік негіздері талданып, тәрбиелік іс-шараларды жетілдіру әдістері ұсынылады. Мақалада педагог-психолог пен мұғалімдердің бірлескен әрекетін ұйымдастырудың маңыздылығы нақты көрсетіледі. Сонымен қатар, эмоционалдық қолдау көрсету, тұлғаның өзін-өзі қабылдауын қалыптастыру және әлеуметтік дағдыларды дамыту бағытындағы инновациялық әдістер қарастырылады.

Кілт сөздер. Инклюзивті білім, педагог-психолог, тәрбие жұмыстары, тиімділік, әлеуметтік дағдылар, эмоционалдық қолдау, даму ерекшеліктері.

Кіріспе. Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – барлық балаларға тең мүмкіндіктер жасау. Осыған байланысты инклюзивті білім беру моделі ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қоғамға бейімдеу мен олардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Инклюзивті сыныпта педагог-психологтың қызметі ерекше, себебі ол оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сай тәрбие жұмысын ұйымдастыру арқылы олардың әлеуметтік бейімделуін қолдайды. Бұл мақаланың негізгі мақсаты – педагог-психологтың инклюзивті сыныптағы тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру тәсілдерін анықтау және жүйелеу.

Инклюзивті сыныптағы педагог-психологтың рөлі

Қазіргі қоғамда әрбір адамның білім алуға тең құқығы мен мүмкіндігін қамтамасыз ету – дамыған, өркениетті ел болудың басты көрсеткіштерінің бірі. Осы орайда инклюзивті білім беру – тек білім саласының жаңа бағыты емес, әлеуметтік әділеттілік пен адамгершілік қағидаларына негізделген маңызды құндылыққа айналып отыр. Инклюзия – бұл тек ерекше қажеттіліктері бар балалардың мектепке қабылдануы ғана емес, олармен қатар барлық балалардың бір ортада тең дәрежеде дамуына жағдай жасау. Мұндай ортада әр оқушы – жеке тұлға ретінде қабылданады. Ал осы процестің үйлесімді жүзеге асуына ықпал ететін негізгі тұлғалардың бірі – мектеп психологы. Бүгінде инклюзивті білім беру жағдайында педагог-психологтың рөлі бұрынғыдан да маңызды. Себебі ол оқушылардың психологиялық жай-күйін бақылап қана қоймай, олардың тұлғалық ерекшеліктерін, эмоциялық тұрақтылығын, қарым-қатынасқа түсу деңгейін ескеріп, кешенді қолдау жүйесін ұсынады. Сонымен қатар, психолог инклюзивті сыныптағы мұғалімдерге де кәсіби кеңес беріп, қиын жағдайларды шешуге көмектеседі. Мектеп психологы ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істей отырып, олардың ұжымға бейімделуіне, өз-өзіне сенімді болуына, әлеуметтенуіне жағдай жасайды. Ол тек диагностикалық немесе түзету жұмыстарымен шектелмей, бала мен ата-ананың, мұғалім мен оқушының арасындағы байланысты үйлестіретін көпір қызметін атқарады. Инклюзивті сыныпта жұмыс істеу барысында психологтар баланың даму деңгейіне, танымдық және эмоциялық мүмкіндіктеріне, мінез-құлқына терең үңіліп, арнайы бағдарлама құрастырады. Мұндай бағдарламада тұлғаның ішкі әлеуетін ашуға, өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуіне жағдай жасайтын тренингтер, жеке және топтық жаттығулар, психологиялық кеңестер қамтылады[1,25].

Сонымен қатар, психологтың жұмысы – ұжымдағы қабылдау мәдениетін қалыптастыру. Яғни, оқушылардың бір-бірін түсінуі, құрметтеуі, өзара қолдауы – инклюзия табысының басты көрсеткіштері. Бұл бағытта да психологтар түрлі әдістер мен құралдарды қолдана отырып, балалардың эмоциялық интеллектісін дамытуға ықпал етеді[2,27].

Инклюзивті білім беру – бұл тек білім беру реформасы ғана емес, адамның құндылығын, теңдігін, құқығын мойындаудың көрінісі. Ал бұл жүйеде жұмыс істейтін педагог-психолог – бала жүрегіне жол таба білетін, оларды ертеңгі өмірге бейімдеп, қоғамға қадам басуына бағыт-бағдар беретін маңызды тұлға. Сондықтан қазіргі таңда мектеп психологтарының кәсіби дайындығы мен қолдауы – инклюзия табысының басты кепілі болмақ.

Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру тәсілдері

- **Жеке және топтық психологиялық тренингтер өткізу.** Бұл әдіс балалардың өзара түсіністігі мен коммуникациясын дамытуға септігін тигізеді.
- **Эмоционалдық интеллектті дамытуға бағытталған жаттығулар.** Оқушылардың өз эмоцияларын тануы және басқаруы тәрбие процесін жетілдіреді.
- **Тұлғаның өзін-өзі қабылдауын қалыптастыру.** Психологиялық қолдау арқылы балалар өз ерекшеліктерін қабылдап, өзін-өзі бағалауды арттырады.
- **Әлеуметтік дағдыларды дамыту.** Ойындар мен топтық тапсырмалар арқылы балалардың өзара әрекеттесу қабілеті қалыптасады.
- **Педагог және психолог арасындағы ынтымақтастықты күшейту.** Бірлескен жоспарлау және жүзеге асыру тәрбие жұмысының сапасын арттырады.
- **Инновациялық технологияларды қолдану.** Мысалы, арт-терапия, музыка терапиясы, ойын терапиясы тәрізді әдістер балалардың психологиялық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Практикалық ұсыныстар

- Тәрбие жұмыстарының жоспарын әр оқушының мүмкіндігіне қарай бейімдеу.
- Отбасымен тығыз байланыста жұмыс істеу арқылы тәрбиелік процесті үйлестіру.
- Педагогикалық кеңестер мен тренингтер жүйелі өткізу.
- Қиын мінез-құлықты балаларға бағытталған жеке коррекциялық бағдарламалар әзірлеу[3].

Инклюзивті сыныптағы педагог-психологтың тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру – бұл тек психологиялық көмек көрсету емес, тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған кешенді әрі көпқырлы процесс. Мұндай жұмыс инклюзивті білім беру философиясының негізі болып табылатын теңдік, құрмет, қолжетімділік қағидаттарына сүйенеді. Психолог оқушылардың жас ерекшеліктері мен психологиялық жағдайын ескере отырып, әр баланың қажеттіліктеріне сай әдіс-тәсілдерді қолданады. Бұл – эмоциялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, өзін-өзі бағалау мен өзін-өзі реттеу қабілетін қалыптастыру, құрдастарымен және ересектермен дұрыс қарым-қатынас орнатуға үйрету сияқты маңызды бағыттарды қамтиды. Жоғарыда айтылғандай, инклюзивті сыныпта тиімді тәрбие жұмысын жүргізу үшін психолог тек жеке оқушымен емес, бүкіл ұжыммен – мұғалімдермен, ата-аналармен және оқушылардың өздерімен тығыз қарым-қатынаста болуы тиіс. Оның рөлі — оқушылардың бойындағы ішкі әлеуетті ашуға, өз орнын табуға және өзіне сенімді тұлға ретінде қалыптасуға көмектесу.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбдімәлікова, А.Ж. Инклюзивті білім беру жүйесіндегі педагог-психолог қызметі. – Алматы: Білім, 2019.
2. Мусина, Г.Б. Психология және педагогика негіздері. – Астана: Фолиант, 2021.
3. Smith, D., & Tyler, N. (2011). Effective Inclusive Education: Equipping Education Professionals with Necessary Skills and Knowledge. Routledge.
4. UNESCO. (2020). Inclusion and Education: All Means All. UNESCO Publishing.
5. 5.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2018 жыл.



ЖАСУША ҚҰРЫЛЫМЫН ОҚЫТУДА ЗАМАНАУИ ӘДІСТЕМЕЛЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІ

Намазбаева Алмагуль Жамбалаевна
биология пәнінің мұғалімі
Абай облысы білім басқармасы
Семей қаласы білім бөлімінің
«№22 жалпы орта білім беретін
мектеп-лицейі» КММ

Аннотация: Бұл мақалада биология пәні бойынша жасуша құрылымын оқытуда заманауи әдістемелерді қолданудың тиімділігі қарастырылады. Жасуша құрылымы – биологияның негізгі бөлімдерінің бірі, ол оқушыларға тірі ағзалардың негізін түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада жаңа педагогикалық әдістер, соның ішінде зерттеу әдісі, проблемалық оқыту, интерактивті технологиялар мен

цифрлық құралдардың қолданылуының жасуша құрылымын оқыту процесіне қосатын үлесі көрсетіледі. Заманауи әдістемелердің оқушылардың биологиялық білімді терең меңгеруіне, танымдық қабілеттерінің артуына және шығармашылық дағдыларының қалыптасуына қалай ықпал ететіндігі талданады.

Кілт сөздер: жасуша құрылымы, биология, оқыту әдістемесі, заманауи технологиялар, зерттеу әдісі, интерактивті оқыту, цифрлық білім беру.

Кіріспе. Жасуша құрылымын оқыту – биология пәнінің ең күрделі әрі маңызды бөлімі. Жасушаның құрылымы мен қызметі туралы білім адам ағзасының барлық биологиялық процестерін түсінуге негіз болады. Қазіргі білім беру жүйесінде оқыту әдістемелері дәстүрлі әдістерден заманауи, инновациялық әдіс-тәсілдерге көшуде. Бұл өзгерістер білім беру мазмұнын тереңдетіп, оқушылардың белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Жасуша құрылымын оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін заманауи әдістерді қолдану маңызды. Әсіресе, интерактивті құралдар мен оқытудың жаңа тәсілдері оқушылардың биологияға деген қызығушылығын арттырып, білімді тереңірек игеруге мүмкіндік береді.

Заманауи әдістемелердің мәні мен мақсаты

Заманауи әдістемелер оқыту үдерісін жаңарту, оқушыларды шығармашылыққа баулу және олардың белсенділігін арттыруға бағытталған. Бұл әдістер білім алушылардың ақпаратты терең түсінуін және қолдануын қамтамасыз етеді. Жасуша құрылымын оқытуда белсенді оқыту әдістері мен цифрлық ресурстарды қолдану арқылы оқушылардың оқу процесінде қатысу деңгейін арттыруға болады.

Заманауи әдістердің негізгі мақсаты – білімді тек теориялық тұрғыдан меңгеру ғана емес, оны практикалық тұрғыда қолдану. Сонымен қатар, заманауи әдістемелер оқушылардың зерттеу дағдыларын, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді[1,223].

Жасуша құрылымын оқытуда қолданылатын заманауи әдістемелер

